

84.5423

418
n

Кәкімбек Салықов



58881

ОТЫРАР
сазы

Kosatka
Синяя
академическая
китайская

Китайская

Ученая

19-06-2006.

Kosatka

Кәкімбек Салықов



ОТЫРАР

сазы

Күй-дастан және өлеңдер



“Фолиант” баспасы

Астана

2005

ББК 84 Қаз 7-5
С 18

Салыков К.

С 18 Отырар сазы (құй-дастан және өлеңдер).
– Астана: “Фолиант”. 2005. - 156 бет +0,25 б.т. сурет.

ISBN 9965-35-002-7


Бұл жинаққа қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстан Республикасының енбек сінірген қайраткері Қәкімбек Салыковтың “Халық қаһарманы”, Кеңестер Одағының халық артисі, әйгілі композитор Нұргиса Тілендиевке арнаған поэмасы мен өлеңдері кіріп отыр. Қөнілдегі медеттің үлкені Қәкімбектің “Отырар сазы” атты ақындық репортаж-дастаның және көптеген өлеңдерін Нұр-агаң кезінде оқып канақ болды. Жинаққа алғы сөз ретінде академик Мұхаметжан Қаратаевтың дәл сол кезде оки сала жазған макаласын беруді жөн көрдік. Бұл кітап ағаға деген інілік ізет кана емес, ел жүргегінің бір лұпіліндей барша қазақтың Нұргиса Тілендиевіне деген алғысы мен мактанышы іспеттес жүкті атқара алады деп сенеміз.

38881

C 4702250202
00(05) – 05

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-35-002-7 “Фолиант” баспасы, 2005



АВТОРДАН

Нұргиса Тілендиев “Жез киқке” ән шыгарды деп алғашқы рет Шота Үәлиханов пен Төлеген Досмагамбетовтен естігендегі қуанышты айтып ауызben жеткізуге болмайды, аспандагы жүлдізга қол жеткендей мезет еді гой. Кейін композитормен талай кездесіп жүрдік, сыйластығымыз мол болды.

“Отыrap сазы” атты күй-дастаным 1983 жылы желтоқсаның 8-жүлдізыныңда Нұргиса Тілендиевтің Москвадагы П.И.Чайковский атындағы заңда өткен шыгармашылық күй-концертіне поэзиялық репортаж ретінде туды. Концертті тыңдан отырып поэмамды жазадым да, сол күні түнде бітіріп, ертеңіне елге “Қазақ әдебиетіне” жібердім. Нұргисалар Алматыға келгенде газет тамаша суреттермен безенген поэмамды қуапышқа шашу етіп тосты. Ол кездегі қазақтың “Виссарионы” Мухаметжан Қаратеев ағамыз поэмама арнап пікір білдіріпти. Осы жинақтың алғы созі ретінде үлкен сыншының дер кезінде жазған мақаласын беруді жөн көрдім. Өйткені жинақтың негізгі діңгегі “Отыrap сазы” атты поэмам екені дай тудырmas деп есептеймін.

Жинақтың бір болімін “Абай және Нұргиса” деп атап, біраz өлеңдерімді қосуымда үлкен гәп бар. Жиырма жылдан астам уақыт Мәскеуде, Қарақалпақстанда қызмет атқарып, Одақ ыдырағаннан кейін Алматыға оралғанда Нұргиса Тілендиев құшақ жайып қарсы алды. Дүлдүл сазгердің

қартаң тарту емес, тарлан тартқан кезеңді, тек қана ауыр сырқат шыдатпай әлсін дәлі емханага түсे берді. Қөңілді аса қатты толқытқаны тек қана дастархан арасындағы емес, Нұрекең бірлесіп көңіл құсын қүйқылжыстар мезеттерге шақырды. Абай атамыздың туганына 150 жыл толуына байланысты алемдік дәрежедегі үлкен тойға бірлесіп дайындалмақ болдық. “Мұхтар агамыз көркем сөзбен Абай атамыздың бейнесін алемге әйгі етіп, “Абай жолында” сомдап кетті. Ал, өз басым, сан алуан ән, күйге орап, Абайдың бейнесін сұлу сазбен жасап кетсем деп едім. Міне, осы жолда керекті ән сөздерін жазуға өзінді таңдадым”, -- деді. Мен сәл-пәл ойланып, біраз толқып барып келісім бердім.

Абайдың өмірі мен шыгармашылық жолындағы барлық құбылыстарды Мұхтар агамыздан кейінгі керемет білетін азамат Тілендіев пе деп қалдым. Ол сол алгашиқы сөз қозғаудың өзінде қадау-қадау алтын қазықтарды қаққандай мығымдаған, қандай-қандай тақырыптарда ән сөзі керек екенін шабытты қүйінде айттып берді.

Тақырыбын Жамбылдың созіне сүйеніп өзі атап берген “Ақындық пайғамбары Абай ата” атты өлеңінің сөзі агамызға қатты ұнады. Үлкен өлеңнен әнгеле керегін маңдаидан шерткендей таңдаған алды. Осы әнмен Ермек Әблілдаевтың орындауында “Отыраң сазының” сүйемелдеуімен Абай атамыздың туган жері Қарауылдағы 150 жылдық той концерті басталды. Бұл сәт мен ушін өмірімдегі бір зор белгіге айналды.

Тілендіев тілге жетік, олең созге талғамы өте зор композитор, ойшылдығы да наизагайдай жарқ етіп таң қалдыратын. Онымен ортақтасып еңбек еткенде бойға

құлшының бітептін. Дариға жеңгей адам айтқысыз айдаған ажары, күндей күлкісімен Нұрагаңды қашан да жасартып жіберетін, қасынан шықпай күш-қуат беретін. Өмірімнің соңғы жылдары мен айларында Нұрагаң Абай тақырыбы тыныштық тапқызбады, ол Абай әні құшагында бақига аттанды. Ұлттымыздың ұлы перзенті Құлагердегі қызу шабыстың үстінде өтті.

Нұргиса барлық еңбектерімен, оған қоса "Отырар сазын" құрастырып үлкен қатарға қосуымен өмір бойы қазақ халқының ұлттық мұддесін көксеген терең ойшыл өнерпаз, асқын да тасқын дарын еді. Абай тақырыбына арнаған өлеңдеріме жүргегінің лүпілін қосса бұл да ортақ еңбегіміз деп есептеймін.

Анықтап айтарым: Абай тақырыбынан бірсыныра олеңдер жазасам, оған Нұргиса Тілендиев тікелей себепкер болды. Ол Абайдың өмірі мен шыгармашилық жолының егежей-тегжейін толық білетіндігін көрсетіп еліктіріп кетті, оған оз ойын қосылып көптеген олеңдер туды. Нұрагаң біраз әндер жазды, әттең ауыр сырқаттың салдарынан көп өлеңдер папкасында, үстелінің үстінде қалды. Эн тумай қалған біраз өлеңдерді әлі күнге дейін еш жинаққа үсынбап едім, енді осы кітапқа Нұр-агаңның жолын қуар, арманын орындар өнерпаз жас үрпаққа керек болар деген сеніммен сол өлеңдерді қостым. Ол да Нұргиса ағама арнаған алғысым.

ТОЛҒАНЫСТАН ТОЛҒАНЫС

Алғысоз орнына

Ертеде бір жас ақынның газетте жарияланған шағын ғана өлеңін оқи сала, сол күнің “Бір өлең туралы бірер сөз” деген мақала жазғанмын. Сонда бір жолдасым бір өлең туралы тұтас бір мақала жазу тым астамшылық емес пе дегендей сыңай білдірген-ді. Бірақ мен оған келіспегемін. Бұл жөнінде осы қүнге дейін өз пікірімдемін. Шолу, жинақтау түріндегі мақалалар өз алдына, сонымен қатар кейбір көз тартар, көңіл аударап жеке өлең, очерк, әңгіме, поэма, пьеса жайында арнайы рецензия жазылып, нақты талдау арқылы әділ бағасы берілсе, шіркін – қандай ғанибет! Ондай тәсіл, өкініші сол, тәжірибемізге әлі енген жок.

Газет, журнал беттерінде күнбе-күн өлең атаулы лек-легімен жарияланып жатады. Оның ешқайсысына әдебиет сыны елең қылмайды. Дағды бойынша, сын сонын бәрінің жинақ болып шығуын күтетін сияқты. Ал кітап күйінде де жалпы өлең тасқынының ішінде жеке өлеңнің нақты бағасын ала бермейтіні тағы белгілі.

Өстіл, поэзия сыны тиісті дәрежесінен та-былмаған сон, тұтас жинақтың және жинаққа енген көп өлеңнің жақсы-жаманы ажыратылмай қала берді. Бір мезет осының себебі неде екен деп болжап көрсек, ойымыз алуан сакқа жүгіреді: бірі – өлеңнің көпе көрнеу отсыздығы, жасықтығы болса, екіншісі – көп өлеңнің ой-өрісінің тарлығы, біркелкілігі, бір-біріне ұқсастығы; үшіншісі – білімі өскен оқырманның

поэзияға деген тым биік талабы мен талғам-паздығы сияқты көрінеді. Қалай болғанда да, ол не тартпаса, не қызықтырмаса, не таңдан-дырмаса, не толғантпаса – оны кім оқиды? Онда оқырманда қандай әсер болмақ? Шынын айту керек, ондай өлеңдер баршылық, көвшілік. Ендеше ондай өлеңдерді оқымау, яғни оки алмаудың өзі оқырман ынтасына бір түрлі енжарлық-инерция жасайтыны аян.

Айталақ, мына келген жаңа 1984 жылдың төрт-бес күннің ішінде талай-талай өлең көз алдымыздан өтті. Соның ішінде біреуі менің де енжарлық-инерциямның тұсауын үзіп, үздік көріністерімен көзге түсті. Ол – кеше ғана “Қазак әдебиеті” газетінің 6 қантар күнгі салында жарияланған “Отырар сазы Мәскеуде” деп аталған, күй-концерттен репортаж. Дұрысъында өлеңмен жазылған поэма – репортаж десе болар еді оны. Авторы – белгілі ақын Кәкімбек Салықов. Оны осыдан үш жыл бұрын жазған мақаламда “Қос кеменің ақыны” дегенім бар, олай деуім, Кәкімбек творчествосының, ауыз әдебиет дәстүрі мен жазба әдебиет жаңалығына байланысты, екі ірі қырын анықтауга қатысты болатын. Енді мына “Күй-концерттен репортажға” байланысты Кәкімбек туындысының тагы бір сол секілді екі қырын ашуға тұра келеді. Ол қайсы? Ол – репортаждың тарихи-публицистикалық сарыны мен лирикалық толғаныс сазы.

Біріншіден, репортаж дегеніміздің өзі публицистикалық жанр екені, екіншіден, лирика дегеніміз – ерекше поэзиялық жанр екені белгілі. Осы екеуі қисының тауып қысысып, тұтас бірлік тапса – оның өзі, сөз жоқ, жақсы жаңалық. Бұл жерде айрықша назар аударып отырған осы жай. Шынында мәселенің мазмұнына барсак, әңгіме әйгілі “Отырар сазы” ансамбілінің Мәскеуде концерт қоюы жайын-

да екен. Былтырдан бері пайда болған жас ансамбльдің әйгілі болуының өзі жаңадан ғана танылды. Оны өз жерімізде көргеннен де әлі көрмеген көп болуға тиіс. Сөйткен “Отырар сазы” Мәскеуде үлкен баға алғанына кім қуандайды дейсіз! ТАСС-тың және тағы басқа тілшілердің хабарламаларына қандық та қуандық.

Ал мына сөз болғалы отырған Кәкімбек Салықовтың поэма-репортажының өзге хабарлаудардан жөні мүлдем бөлек. Мәселе оның өлең кестесіне түсіріліп жазылуында ғана емес. Әрине, оның өзі оңай түспейтін үлкен ақындық шеберліктің көрінісі ғой. Әңгіме, әсіресе, үлкен оқиғаның жалаң хабарланбай, ақын жүргегінен өтіп, сан алуан әсерлі сыр шертүінде. Ол нендей сыр? Ол алдымен концерттің “Отырар сазы” деп аталуында екен. Мұның мағынасын жай сөзбен жалаң түсіндірген кісі: “бір кезде қазақ жерінде музыкалық аспаппен тартатын, “куй, сарың” деп қана шектелер еді. Жоқ, Кәкімбек онымен шектелмейді. Ол мұның сырын ашады және тебіреніп ашады. Өзі де толғанып, өзгені де толғантып сөйлейді. Қазақ даласының аты шулы Отырар қаласын, оның ұлы перзенті Әбу-Насыр әл-Фарабиді мақтан етіп, рухтанған ақын:

Әлемге әйгілі мұрам бар,
Сенбесен тарихтан сұрандар.
Фараби назын,
Отырар сазын,
Жаңғыртар қырдағы құландар, –

деп шабыт шақырады.

Тарихта, Фараби, Отырар деп екі түрлі аталған қазақ жері қаласының бастан кешкен тағдырының аytар назы да, қобызының тарттар сазы да туысқан халық мұрасы екенін, оның

“Қырдағы құлан” күйімен де үндес екенін қалай емірене айта алған дейсіз! Бірде “Фараби бабамыз, Отаның қараныз” дей келе, енді бірде “Бес төре”, “Сылқылдак”, “Серперім”, “Құлшынбак үкілі домбыра шегінен” деп сендіреді де, “Қараши, далама биіктен, еркінсіп дүбірі сүйсінтекен” деп, мұрат жырын төгілтеді.

Түркістан шаһарын,
Өткенді бүгінмен жалгаймыз!
Солқылдан сазсырнай,
Назданып балқурай
Тарихқа ескерткіш арнаймыз.

Халықтың ежелгі ән-күйін тірілтіп, жаңырытып өзіне қайырудың тарихи ролі мен маңызы бүл жерде өте айқын берілген. Керемет ән-күй құлақтың құрышын қандырып, жүректің жүйесін балқытуымен бірге, ата-бабамыздың өткенін танытатын ескерткіш, бүгінгі ұрпағын жадырататын жан айнасы болса, одан артық не бар? “Өлкемді ән-күймен барлаймыз” дегенде ақын ұлттық шеңберде ғана қалмайды.

Кербез күй, әнімді һұрлы асыл,
Зиялды дос қауым тыңдасын.
Бір қиян, бір гайып,
“Әл қисса” тыңдайық,
Толғаулар мәз етер сырласын.

Мәскеуде қойылып, мың сан астаналықтарды мәз еткен “Күй-дастан”, “Нұрлы асыл” әндердің тамаша әсерін ақын өзінің ұлы патриоттық сезімімен толғана қабылдайды.

Жас ұрпақ ұшырса жан құсын,
Жанданар әр бейне, әр мұсін.
Сан ғасыр құрсағын
Ашқанда тың сарын
Бабама арналар алғысым!

Кеңес заманында қазақ халқының ұл-қыздары өзінің тамаша табыстарын бұдан бұрын да Мәскеуде танытып, дүйім жұртты тан қалдырғанын білеміз. Онда бірінші рет 1936 жылы Жамбыл, Сәкен, Құләш бастаған әдебиетшілер мен өнерпаздар тобы астананы байырғы таланттымен тәнті етсе, енді бұл жолы әрі композитор, әрі дирижер, әрі күйші Нұргиса Тілендиев бастаған жастар тобы енді оны жаңа табыстарымен тәнті еткенін поэзия тілімен жеткізе білген.

Қазактың күй-өнерінің қасиетін, құдіретті поэзияда керемет көрсеткен бір кездे Ілияс Жансүгіров еді. Сол дәстүрді берік ұстанған, күй өнерінің құдіретін сүйсіне толғаған қаламгерлердің бірі – Кәкімбек Салықов. Қүйдің сырын ол жүрек жүйесімен түсінеді, жүрек лұпілімен түсіндіреді. Оның түсінігінше, қазақ күйі туған елдің тарихы, туған жердің даласы, тау, өзені, ауасы жайлы сыр шертеді. Сондықтан ол тыңдаушысын тебірентеді, тербетеді, көп нәрсені еске салады, көп дүниені көнілге ұялатады. Қүйден алған әсерін астанада тұратын ақын туған даласына деген сағыныш сезіммен ұштастырғанда, еріксіз ила-насын, еміренесін.

“Астанада кең даланы сағынсам,
Желді іздейтін әдетім бар желсізде...
...Тебіренбеуге жетпегені әлімнің,
Күй құмарлық – бергені ана тәлімнің...
...Назалансам, мұң шарпыса, дерг шалса
Керегі аз күйден артық дәрінің”.

Бұдан не білеміз? Ана сүтімен бойға дарыған қазақ күйінің, қандай дөртке болмасын, қандай қайғы-қасіретке болмасын, баға жетпес шипа екенін білеміз. “Бұл бесенеден белгілі дүние емес пе, мұның несін уағыздал отыр?”

деушілер де табылар, бәлкім! Оларға айтарым: теледидарда эстраданың бұлталақ әнін есіріп тыңдайтын жастың күй тартыла бастаса тыңдамай тұра жөнелетінін не дейміз? “Музыка өнерінің ең жоғары түрі – операны ұғыну үшін үлкен тәрбие керек демеп пе еді Карл Маркс?! Тәлімнің, тәрбиенің шалалығы дейміз. Бұл ретте Кәкімбек толғанысы “Отырар сазының” ноян күш екеніне көз жеткізеді.

Мәскеуде көрсетілген “Отырар сазы” ұжымының күй концертінен алынған әсерге қатысты Кәкімбек Салыков өзінің поэзиялық ре-портажында (дұрысы күй-дастанында) нендей проблемаға бармасын, бәрін де толғанысы жа-затының көрдім. Ол көп жайда өз толғанысымен мені де толғантты. Табан аузында қолма-қол жазуымның бір себебі сол. Тағы бір себебі – ақынның сол “Отырар сазы” ансамблін құрап, осынша оңды қалыпқа түсірген, сирек талант иесі Нұрғиса Тілендиевтің жарқын бейнесін ой-дағыдай жасап беруі.

Тілендиев таңқалдырыды ілеңде,
Кемістік жоқ дирижерлік мінезде.
Күй тілінде ұқты қазак тарихын
Тындаушылар тілегі бір, тілі өзге.

Бұдан не көреміз? Бұдан музыка өнерінің майталман шебері Тілендиевтің дирижерлігімен де, күйшілік шеберлігімен де, “тілі өзге” болғанмен “тілегі бір” тындаушыларды халықа-ралық достық бірлікке баулитын өрен өнер иесі екенін көреміз. Нұрғиса таланттының үш бірдей қырын (композиторлық, дирижерлік, күйшілік) үш түрлі рөлде көрсете білген ақын ақырында “асқан талант”, “виртуоз”, “Қазақтың құла-гер-мінез ұлы” деп ел аузынан айтылған атақтарды образды түрде “Ұласып түр әуендер-көңілдер, Есіл тасып қосылғандай Еділге”

деп түйіп, Нұрғиса тұлғасының мынадай халықтық келбетін көз алдыңа тартады:

Тұған елім, еркін өнегер тұрағы!
Міне, соның айдан айқын ұраны.
Нұрғисаны алақанға көтерсек,
Ол көтереді ескі, жаңа мұраны.

Рас сез! “Толғауы тоқсан қызыл тілдің”
тобықтай түйіні дейтіні – міне осы.

*Академик Мұхаметжан Қаратаев
1984 ж., “Қантар”, “ЛЖ”.*

I бөлім



Отырар сазы



*Бұл күй-дасттан 1983 жылғы
8 желтоқсанда Нұрғисса
Тілендіевтің Мәскеудегі
П.И. Чайковский залында
откен шыгармашылық кон-
церттерінен поэзиялық ре-
портаж ретінде жазылды.*

ОТЫРАР САЗЫ

Кіріспе үшін

Жарқын өмір наркын сезген сырым кен,
Өлшенбейді ол
туған, өлген жылышымен.
Ерен істен байкалады деп білем,
Ел жалт қарап,
ерлігіне үңілген.

Өлшенеді ол, оза шапқан дүбірмен,
Не болмаса бір ауыз сөз, бір үнмен.
Бой көрсетер із қалдырап ғасырға,
Барша жұртты дүр сілкінтекен күніңмен.

Туар мезет,
Туың сәтті ілінген,
Занғар шынға жеткен өрең білінген.
Туар сағат
қасиетті, киелі,
Әруақ жебеп өлгендерің тірілген.

Жетті бүгін сол акжолтай сыйлы күн,
Сыйлы күнім – сазды, назды қүйлі күн.
Чайковскийдің қасиетті залында,
Нұрғисаның нұры жанған шағында,
Құрды казак күй төресі билігін.

О, туған ел!
Терген, жиган, органдың,

Күй боп кетті
Қала, дала, орманың.
Көніл тойып, құлақ естіп, көз көрді,
Мәртебенің асып, тасып толғанын.

Бұл биікке құлшынысы мол көптен,
“Отырар сазың” келді мезет төрлеткен.
Тында, тында!
Салауатты алқа топ,
Қазақ күйі өзге күйден кем деп пе ең?!

Тасқын күйлер жан толқытпай
қоймайды,
Түсіреді көкте ойнаған қолға айды.
Сергек сезім, ақ желкені желбіреп,
Терең жатқан мұн мен шерді қозғайды.

Ауылды аңсап көптен сыртта жүр едік,
Қаяу көніл бүгін елтіп тұр еріп.
Күй-құдырет Мәскеу төрін жайласа,
Құмбірледім өз-өзімнен жыр өріп.

Тында, тында бауыр-туыс халықтар!
Әйгерімнің тәтті әуені анық бар.
Татьянаның әні де еркін шарықтар,
Аттанарда ақ батасын беріпті,
Құрманғазы, Тәттімбеттей – алыптар,
Абай, Жамбыл түлектерін танып қал!

Аттаның

Құлақ күйін ағындас та сарындинас,
Құрап жатыр сансыз бұлақ балғын жас.
Алуа жүзі алабөтен сүйсінтіп,
Сөз бастады сахнада жас қарындинас:

Беймәлім демейміз қазакта,
Шаһарлар тарихи санатта.
Фараби бабамыз,

Отанын қараңыз,
Күй байлап жіберген қанатқа.

Қазба да, жазба да қосылар,
таңбалы тастар да оқылар.
Белгілі шешімі,
Қала бар, есімі
Отырар ... Отырар... Отырар...

Әлемге әйгілі мұрам бар,
Сенбесен тарихтан сұрандар.
Фараби назын,
Отырар сазын,
Жаңғыртар қырдағы құландар.

3888/

Ақша да, Қекше де биіктер,
Ақ ниет сәлемін сүйіп көр.
Қараышқ шоқтары,
Отырар оттарын
Жайнатып өтеді киіктер.

Қаз даусым білінсе лебімнен,
Мескобыз тебіренбес тегіннен.
“Бес төре”, “Сылқылдақ”,
“Серперім” құлшынбақ,
Үкілі домбыра шегінен.

Бос көшіп жүрмедік қырда біз,
Аз емес күлі абыз, жырлы абыз.
Жайдары қыз келді,
Айдарлы ұл келді,
Айтарын асықпай тыңдаңыз.

Түркістан шаһарын барлаймыз,
Өткенді бүгінмен жалғаймыз!
Солқылдан сазсырнай,
Назданып балқурай,
Тарихқа ескерткіш арнаймыз.

Кербез күй, әнімді нұрлы асыл,
Зиялды дос қауым тыңдаңын.

Бір киян, бір гайып,
“Әл қисса” тыңдайық
Толғаулар іздейді сырласын.

Сұлу саз ұшырса жан құсын,
Жанданар әр бейне, әр мүсін.
Сан ғасыр құрсағын,
Ашқанда тың сарын,
Бабама арналар алғысым!

Ғасырлар дүбірін салмақтап,
Күмбездер күмбірін ардақтап.
Көп аспап нәрлі үнін,
Көненің қалдығын,
Перзент бар жинаған бармақтап.

Із таптық қаладан, даладан,
Қожа Ахмет Иассауи данадан.
Өшкенім жанданды,
Қанатым жалғанды,
Арыстанбап бабамыз қалаған.

Тыңдасын, мұхиттар, құрлықтар,
Айтарым аз болса кім құптар.
Дүркіреп алқымдал,
Күй кетсе қарқындал,
Дір еткен дыбыста шындық бар.

Кен дала байқатар сымбатын,
Кен заман шайқатар зұлматын.
Махамбет жаны бар,
Исатай қаны бар,
Айғектар нұрлы арман бір сәтін.

Қос ішектен шырылдал мұң шығар,
Адал ұқ, сак құлақ сыншылар.
Беріндер төрелік,
Күй төгіп көрелік,
Биік бар, жер, көкте, біз құмар.

Таулардан сәлем ал, біз туған,
Қырандар қалқыған құз, қырдан.
Достарым, біле біл,
Құт мекен ұлы елім,
Абайдай ұл туған,
Динадай қызы туған.

Жаным пәк, жүргегім гүл баулар,
Ән шалқып, қосалқа күй заулар.
Елендеп келіп ем,
Сертиме берік ем,
Күй құмар достарым, тыңдандар!

Кербез құйлер желісі

Содан кейін оркестрді қолға ала,
Сак дирижер тұғырланды толғана.
Желе-жортқан ұқсан жүйрік-жорғага
Қосақталып ескі аңыз бен тың ырғак,
Күй тайпалды айттар назы молдана.

Мені бірге жібергендей көмекке,
Естігенді салдым іңкәр елекке.
Бөтен үн жоқ жарамастай керекке,
“Отырар сазын” тыңдал отыр Москва,
Кетті құйлер тербетіп те, бөлеп те.

Көтерілсе санлак сарын белеңім,
Осы еді гой аңасап құткен керегім.
Шайқап өтті ойлы “Ата толғауы”,
Тірі пенде көніл-теңіз тереңін.

Сырнай-керней жасап жылы төгілім,
Мың құбылтса үйлесімді өрімін.
Іште – нала, тыста – жала өшкендей,
Зәм-зәм үнге шуактады көнілім.

Кейде қүйден өрбіп өжет қайсарлық,
Алға бастар асаулығы аң-таң қып.

Жеңілдейсің құрығандай біржола,
Дүниедегі құлық, сұмдық, сайтандық.

Сүйіншіні сұрап ма едім ел-жұрттан,
Сезімім пәк сәуір-сәуле селді ұққан.
Жер бетіне орнағандай нұр жұмак,
Шұғыла жайды маң тыныштық бейбіт таң.

Жас оркестр алған төрде кезекті,
Қаз қалпында айтсам шырқау мезетті.
Ә дегеннен жайлап әуез өзекті,
Саңқыл-сұңқыл құс базары сияқты,
Алпыс аспап қақты алуанbezекті.

Көңілімде шаттық пен шер алмасқан,
Тармақтарын сыбырлады жыр-дастан.
Жаза бердім,
Қызы, келіншек дегенге,
Қызықсам да бұрылып көз бұрмастан.
Жыр төгілді әудем сәтке тынбастан,
Жүргегіме желік берді тың дастан.
Жаза бердім елден келген достармен,
Кенес құрып, үзіліске тұрмастан.

Өтер жылдар...
Жылжып шашаң желер күн,
Дөп баспасам,
Көпшік сөзге сенер кім.
Тебіренейін, толғанайын, шалқыын,
Туды шалқар шабытқа ерік берер күн.

“Қос алқалар” қос бұрымдай өріліп,
Сылаң қақты бұлттар көші сөгіліп.
“Елім-айдың” зарлы әуені төгіліп,
Ілкім сәтте жетті зарлы тыныштық,
Қаратаядан көшкен керуен көрініп.

Домбыралар шым-шымдаса біртінде,
Сансыз әуен үн ұзартты уілдеп.

Жан баурады қыл қобыздар дірілдеп.
Мезет туды толқындаған толғаудан,
Күй атасы кейуана қарт тірілмек.
Зар заманда “Жерұйықты” іздеңен,
Аскак киял ак канатын үзбеген.
Жалт қараймын асатаяқ үніне,
Асан Қайғы отырғандай бізбенен.

Сұмбіл саусақ, құлыш – білек, ақ жібек,
Төгілтеді дала-қиял, наз тілек.
Қорқыт ата қоңыр сазы заулады,
Киіктердей қырдан қашқан тас, түлек,
Домбыралар бебеулетіп кетті үдеп.

Құтты еken гой “Ата толғау” жолдары,
Зал иесі – Петр Ильич қолдады.
Құс үніне
мыс сыңғыры жалғасып,
Дыбыс қосты орыстың зор органы.

Тұғырласты, ғұмырласты, жалғасты,
Дана сырын, дала сарын алмасты.
Мың жылға тең әудем мезет жар болып,
Нұргисага бақыт құсы жармасты.

Дешті қыпшақ көмбесінен ескінің,
Көзін ашқан кей аспаптың кешкі үнің,
Өзге түгіл өзім тұңғыш естідім,
Атын біліп, затын білмей жүретін,
Жаңа көрдім жетігеннің кескінін.

Жез сыйызы – көп ойықты бір тұтік,
Меруерт сыңғыр солқылдайды тіл бітіп.
Көңіл толқыр, жаның құштар үн күтіп,
Гауһар дыбыс құн сәүлесін шашады,
Сыңғырлауық коңыраулар сілкініп.

Атыраудан “Сарыарқаға” өрлетіп,
Құрманғазы “Серперлетті” селдетіп.
Тәтті бабам “Көкейкесті” шөлдетіп,
Шертіп қақты көңіл төрін көлдетіп,

Сүгір сарын “Боз інгенді” боздатты,
Оңтүстікten қосылғандай Момбеков.
Мұхамеджан Жаңа-Арқадан дем берді,
“Дайрабайды” дабылдатты желдетіп.

Күй-шежіре тірі жанды толқытқан,
Бой сергітті
Таза аудай мол жұтқан.
Көп сыншылар көз алдымда сүйсінді,
Бірін-бірі тұртіп қойып қолтықтан.

“Көші көркем, күтімді еken көлігі,
Ұтымды еken қызу басқан көрігі.
Дирижер де, оркестр де
Өзгеден, –
Деп отырды – әуезділеу, көп ірі”.

Тілі өтер ішінде бір жастауы,
Ұнап отыр маған тізгін тастауы.
“Қайталанбас бояу, мәнер астары,
Міне, таза этнография, фольклор,
Мол, – деп отыр – қазактардың аспабы”.

– Құлшыныста еркіндік бар, екпін бар,
Бірге күліп, бірге ырықсыз шектім зар.
Кей ырғактан
Tipi сурет көресін,
Шаттық та бар
Шырқау шепте көп мұн бар,
Ән мен күйге жалау етіп ұстарлық,
Тіршілікке осында еken құштарлық.
“Мынау дана!” – деді бірі тамсанып,
“Жөpte, мені – дейді – етпей іштарлық”.

Салауатты әуез құмар мәнері,
Болса жігіт, басқа да көп әлегі.
Әр сезінде ырым да көп кәделі,
Сыбырлайды деп досына ақырын:
“Қобызшы қыз неткен сұмдық әдемі!?”

Жәй отырмай екеулесіп сыр ашпақ,
Шыдамайды досы сезім құраспақ.
Қайран қалып отыр қазақ қызына,
Тамсанады бірін-бірі растап.

Бар мейманды іңкәр етсе қыз көркі,
Гүл жайнады бірде үялшак, бірде еркін.
Кейде кербез,
Такта отырған патшадай,
Кейде толқып бебеулетті біркелкі.

Ажары сай үлде менен бұлдеге,
Ондай сипат бітпес раушан гүлгө де.
Қызыл-жалын еріндері бұлк етсе,
Ұмынамын татырадай бірдеме
Шұбырады тәтті тәбет тілге де.

Алма-қыздар көз алдымда толғасын,
Елестетті жас күндегі жолды асыл.
Содан болар,
Сағынбайтын құнім жоқ,
Алматыдай алма-арулар ордасын.

Елеңдетті ескі елестер не түрлі,
Әлгі бір қыз таныс бейне секілді;
Мейман түгіл өз мазамды кетірді.
Жаным менің
Сағыныштардан жаралған,
Қайта туды, қанаттанды, жетілді.

Осынау қыздай
Балғын еді жасың да,
Елестеттім қос өрімді шашын да.
Келмей ме? – деп
Күдіктеніп тұрганда
Бас қататын Бас арықтың басында.

Құтты сәтке жетпегендей қол үзім,
Әкеліп тұр сұлу саздар жол ізін.
О, Махаббат!

Тартқызып ең сен талай,
Қыз жолында қыл жүректің қобызын.

Отырғандай, ұмытқаным алдымда,
О, құмарым! Қайтадан бір қандың ба?!
Қуаныштан... есендіреп қалдым ба,
Не де болса барып қайттым пейішке...
Бір малшындым күйлі сәуле таң нұрга.

Іліп алар жасанды жок сезімде,
Толқып кеттім, тез алмасты сөз үнге.
Қойын дәптер толып кетті өлеңге
Үзілістің – жұрт шай ішкен кезінде.

Ермегенім жерлесіме “жұр” – деген,
Өлең жазсам ішпей-жемей түрленем.
Достар жақсы-ау дәл сол сәтте силасып,
Байланысын келтелеуді білмеген.

Ерке шабыт жетегіне ерейін,
Күйлі аспаннан түрлі жұлдыз терејін.
Маған бүгін шарабынан жыр қымбат,
Елден ерек өсіп түр ғой мерейім.

Беу, ағайын! Райға көш, қой сөкпе,
Шәйді қайтем, өлең мені салса өртке.
Ұшқыр уақыт желдей жүйткіп өткенде,
Өршелене жалғасты күй-концерт те.

Құлшыныс

Тілендиев таң қалдырыды лезде,
Өжеттік бар алғыр қыран мінезде.
Құлшыныстан терең ұқты жан сырын,
Тыңдаушылар тілегі бір, тілі өзге.

Өзі ширак,
Көзі ымдайды айтарды,
Еркін сілтеп, су жорғадай тайпалды.

Оркестр де
Миуа ағаштай албырап,
Мың-мың жеміс төгілгендей жайқалды.

Қанат жайып,
бойын еркін ұстайды,
Еркіндейді бір шолғандай құс сайды.
Иек изеп,
қабак қағып нұсқайды,
Ақынтай ілер құсын бұлтартпас.
Күйлі аспаптар үн, дыбысын ұштайды.

Ағындал тұр тілсіз тілмен әмір қып,
Бірлесіпті құштарлық пен кәмілдік.
Әр адамның ансағаны елестеп,
Ғашық – әуен еркеленді тамылжып.

Чайковскийше әдемілеп шалқуын,
Биге ұласты балапан ыргак аққу үн.
Сексен көлдің аққулары жарқылдап,
Саңқылдатты Үкілі Ыбырай “Гәккуін”.

Ақ Жайықтан өтті әлеміш күймелер,
Күй ыргалды Қызы Жібек боп түрленер.
Қабаттасып кешегі мен бүгінгі,
Туды маусым Қаратаялар гүлденер.

Күйдің нәзік ләzzат құйғыш жетегі,
Сұлу қыздай кейде қылмаң етеді.
Қас қагымда сәруар дыбыс сәүлесі,
Таң шолпандай жарқыл қағып өтеді.

Көңіл жайлы, мамыражайлы бабында,
Мың-мың тоты сайрап жатты бағымда.
“Жез киік” те жүйткіп өтті
жаутаңдап,
Әппақ төсін тосып күміс сағымға.

Балғын бұлақ,
әнші құрақ, тау маңы,

Естіледі ақ жаңбырдың жауғаны,
Қозы маңырап, кісінейді құлыш, тай,
Елестейді женгем бие сауғаны.

Тіл жетпестей сезген сырым әлі көп,
Саумал ауа, жусанды жел дәрілеп,
Қойғандай-ақ
әтірлі әүен сәні кеп,
Көкіректің көксегенің табады,
Үннен дыбыс, дыбыстан үн дәлірек.

Көне аспаптар жана тілде жаңғырып,
Түрлі-түсті бояу тапса таң қылып.
Әудем сәтте бауыр басып кетеді,
Балалық пен даналық,
Бір мезет пен мәнгілік.

Әрі қарай самғау шебін таңдал па,
Әлде күйлер бой ұрды ма әруаққа.
Ту көтерді,
Шу көтерді,
Тың ырғак,
Бастап кетті кең даладан тау жаққа.

Шапқын желіс, тасқын күйлер салды асыр,
Өтті көзден дала кешкен сан ғасыр.
Жетті білем жаратқанға сұрағым,
Жақты көңіл шала сөнген шырағын.
Төкті кеше өткен күндер жанға сыр,
Етті өзгеше мамыр күйлер шуағын.
Септі бұршақ бұлқілдеген бұлақ үн,
Дерпті көкірек тапты аңсаған құмарын.
Қамшылаган
Шойын түяқ тас жолды,
Қашқан жылқы шалды ырғағын құлағым.

Тез төгілді сол бір сәтте сыр қалын,
Шарпып өтті ақ жалын мен көк жалын.
Дүниес-дүрмек тына қалып тыңдаған,
Әлем сезді саңлақ сарын туганын.

Қара арғымақ от жанары жер жұтқан,
Кісінеді айырылғандай ел, жүрттан.
Жалт қарады күйші жігіт
қүніреніп,
Жан серігі қиналғандай дос тұтқан.

Дүлей боран ұйтқып шапшаң басынды,
От, наизагай көктен жалын шашылды.
Дана – жүрек, дала – жүрек булықты,
Жылады ма...
тас, талқан боп ашынды.
Қарабарқын бұлт жөнкіді аспанда,
Қара теңіз, Ақ теңіздер тасынды.

Ой, хой, шіркін!
Бұл не деген дұрбелен,
Тоғыз толғақ толқындады күй желең.
Жаңғыртты ма
Кісен ашқан сыңғырын,
Құрманғазы қашып шыққан тұрмаден.
Толғанамын, тебіренемін, құрсінем,
Сыры көп қой біздер еркін білмеген.

Әлде осы ма Сәкен кешкен азап тұн,
Қоңыр күйлер неге қою наз арттың?!
Еске түсіп кетті сонда жазықсыз,
Жаза тартқан боздақтары қазақтың.

Дауыл күйлер қайта тасып лап қойды,
Тоғандалған әлде қандай тапты ойды.
Жел желітіп, бәйтеректер тербеліп,
Үрей кетіп, ұстатады сақ бойды.

Қайран қалдым не дейді екен басқалар,
Кейде күйден болды дүние жасқанар.
Жүйткіп келіп тоқтай қалды бір кезде,
Тайбурылды үркіткендей тас қамал.

Санлақ күйге сыйып кетті бір халық,
Бір халықтың ыза, кегін тыңдадық.

“Абылайлап” женер сәтін сезді ме,
Нұрғисаның өңі кетті сұрланып.

Хас тұлпардай өршеленді, қүйғытты,
Тың сарынға
Махамбетшіл шыр бітті.
Ала құйын зымыратты,
Ыңғытты,
Жел сыпырып әкеткендей түндікті.

Каспий тулап, Атырауды су басты ма,
Еділ толқып арнасынан асты ма?!
Қобыландыға жау қолтығын ашты ма?
Абылайдан жонғар жөңкіп кашты ма,
Қолға түсіп Кенесары састь ма?!

Бүркеп кетті алай-дүлей бұрқасын,
Қүй сыймады аспан-көктің астына.
Жаным толқып,
Тастай беріп қаламды,
“Бас! Бас! “ – деймін құшырлана
басқыла!...

Қас жауына “Қазакпын!” – деп атылған,
Дабыл қақты Бауыржандай батыл жан.
Шу көтерді төбесіне Рейхстагтың,
Ел байрағын бұрын ілген Рахымжан.

Тілендиев ашық ұстап кең төсін,
Әй, не керек
көтерді ел еңсесін.
Сағадатша салды ерен ыргакқа,
Талқандаған Гитлердің кеңсесін.

Дара толқын сұр жартасқа бас ұрған,
Қапаланды
түршіккендей ғасырдан.
Қара дауыл Қаратаяудан қаулады,
Қара жердің зәре құтын қашырған.

Дүлей күштей Ай, әлемді шарлаған,
Қарбаласты қара бұлттар аунаған.
Қызып өтер оқ тиғендей заулаған,
Қарагай, шырша селдіреді қаулаған.
Күй-дүрбелең,
Күй-самұрық самғаған,
Жер калмады ол жұлқынып бармаған.
Әудем сәтте аласапыран алқымдал,
Топалаң келді,
Топан судан аумаған.

Арпалыста аласы мен бересі,
Әбден кетті-ау, деген кезде ел есі,
Қазактарды жинап жүрген жарқ етті,
Қазығұрттан Нұх пайғамбар кемесі.

Туды, туды күй көкесі шырғалаң,
Одан артық сыр шертеді кім маған?!
Бар қазаққа
Басын ие қалғандай,
Бір сілкінді, дүр сілкінді бұл ғалам.
Тенселгендей адыр, шоқы, тау, орман,
Үрейленді үрке білмес ақ ордан.
Ұлылар мен ұлы дүбір ұласты,
Бұл ғаламды бір женуге жаралған.

Наполеон ба, Зұлқарнай ма, Шыңғыс па,
Дәлдеп айтар тіл де, шіркін тым қысқа.
Оқпен емес,
Күймен женді
Нұрғиса,
Сөзбен женген
Абай тектес түп нұсқа.

Женді, женді,
Күрт жабылды ауыздар,
Дос қуанды
Көрсете алмас жау ызғар.
Есі кетті, естіген жан селк етті,
Жайнағандай көзін ашқан қауыздар.

Күштілікті көре білу – күштілік,
Дүр, дәкейлер қолын соқты ышқынып.
Үрке қашып жылқы өткендей дүркіреп,
Зал қол соқты!
Бір кісідегі тік тұрып.

Осылай достым, түн ішінде таң атар,
Мезет келді тынған істі жаратар.
Нұргисаның көрдім кезін сұрапыл,
Көктен түскен әулиемен пара-пар.

Жер-жаһанды жаулап алды бір өзі,
Ұзақ пішken келді сәттің лезі.
Осындайда оралмады-ау, ойыма,
Омар Хайям сияқтанған мінезі.
Хошаметшіл дүйім жұрттың назы ұнап,
Жиырма беске келгендей боп қазір-ақ.
Көздің шетін қоршалаған әжімдер,
Селдіреді із қалдырып азырақ.

Қандай бақыт
Осындаи ұл болғаны,
Көптен күткен тамаша сәт орнады,
Ән мен күйдің құдіретін айқындал,
Бар қазактың ар, намысын қорғады.

О, домбыра!
Осынау шапқын желісің,
Талай заман күткен асыл жемісің.
Құрманғазы, Тәттімбеттер қабыл ал,
Нұргисаның мұны жалғас жеңісін.
Құр айғайдан кеуде қаққан не бітер,
Ол тындырыды еренғайып ел ісін.

Қыршын күйдің тұп, тамыры керемет,
Ырқың женді,
Ықылас, Сүгір, елең ет.
Ғұрпың женді
Қорқыт-Ата, бір қозғал,
Дабыл күйді аялады берекет.

Риза бол, Ҳая-Ата мен Ҳая-Анам,
Біз де пенде өздерінен тараған.
Батыс, Шығыс қанаттасты, жалғасты,
Бағы жанса бірдей екен бар адам.

Менсінбейтін безбүректің безі өлген,
Сәтті көрдік,
Қызғаншақтың өзі өлген.
Мың раҳмет айтам саған Нұр-аға,
Есен шыққан тайғақ кешу кезеңнен.
Досы мактап отыр – десе дей берсін,
Әруақ конған құдіретінді сезем мен.
Жене білер сансыз жауды бозенген.

Жендің...
Жендің күй қанатты тарланым,
Сарқып салды
Бар өнерін, әз жаның.
Бала күннен ұялаған ақ қиял,
Орындалды “Женем!” – деген арманың.

Нұрлы шуак

Балқып кетсек күй көшіне ергендей,
Шипа тапты жүрек жүрген ем көрмей.
Әр қазактың көксегені бой жазды,
Бар қазактың аты озып келгендей.

Нұрлы айдынға жылжығандай кемеміз,
Үн, әуенге қайда апарса сенеміз.
Толқығандай толған Арал арнасы,
Дәл тиғендей нысанага жебеміз.
Марқакөлдің ақ маралы елестеп,
Шақырғандай – “келші жылы кенес”, – деп,
Қара көзі жарқ еткенін көреміз.
Құлагер қайта тірілгендей құлшындым,
Өсті, есті атам қазақ өреміз.

Дауыл өтті...
Биік аспан ашылды.

Жел ысырды, қара бұлтты жасынды.
Әдісі мол өнер ғұрпын асырды,
Айқын ашып көмескі мен құнгіртті,
Нұргиса да мандай терін бір сұртті,
Жаңа сарын туар жерін білдіртті.

Содан кейін жүлделенген жігіттей,
Ақ желеңге салды адамды түңілтпей.
Шекіп, қағып шертпелетті жүгіртпей,
Арман жолы айқындалған секілді,
Тайғақ жолдан алып шығар мұдіртпей,
Күй төгілді келешекке үміттей.

Аңсағаның кездескендей ақ танда,
Қуанасың сәтті мезет тапқанға.
Дауылдардан ауылдарға оралдық,
Арман-ғашық қол сілтеген шақтарға.
Шалқыманы қалқымаға көшірді,
Жан, жүректі орап жұмсақ мақпалға.

Кілт өзгертті ала құйын самғауын,
Бәсендетті өткен күнге арнауын.
Қаулаған тер іркілгендей ілкім сәт,
Жасыл жайлау болып кетті жан-жағым.

Пай, пай, шіркін!
Ашты таза қайнарды.
Көз алдында
Қауызға дән байланды.
Қауырт кезде ел басқарған патшадай,
Тақ-тұғырын өзі де мың айналды.

Шолпы сыңғыр, қаракат көздің жүзігі,
Күзгі бақша піскен алма, жүзімі,
Тамсантады ләzzат төккен үн-сәуле,
Күйдің сүмбіл, күйдің күмбір үзімі.
Нәрін терген бір адам,
Бәрін берген бір адам,
Ол – Нұргиса, Нұр-аган.

Еренғайып сәт орнады сұраған,
Домбырасын солақай кол бұраган.
Орындаушы болып кетті дирижер,
Дүлдүл сазгер – күй төресін құраган,
Жалт қаратты бір адам.
Мың санатта бір адам,
Құс қанатты Нұр-аған.

Жарқырады дүлдүлдердің қалдығы,
Көк шапаннан көрініп түр салдығы.
Сазгер, күйші, артист, ұстаз, дирижер,
Этнограф, оқымысты һәм зергөр,
Ақтарылды қазақ өнер сандығы.
Ол кім? – десен ірі адам,
Соның бәрі бір адам,
Соның бәрі Нұр-аған.

Кеменгері әлденеше кеменің,
Асқақтатты қазақ күйі беделін.
Дәл осы ғой сегіз қырлы дегенің,
Ақан Сері бабам айтқан секілді,
Бабың келсе шексіз еken берерің.

Екі ішектің сөйлеуін-ай үндесіп,
Айқындалды дыбыс шоғы гүлдесіп.
Теріс қақпай шымырлатты жүр-жүрлеп,
Жүйрік саусақ қыл пернемен тілдесіп,
Чайковский портреттен қарады,
Таңғажайып үн кешіп,
Көкірегі Нұргисамен бірлесіп.

Мандайына шашып қайта тер келді,
Тілендиев күй – кемедей тербелді.
Көз жұмұлы,
Көнілі мас желденді,
Құйқылжыған, тамылжыған, шалқыған,
Нұрлы ағыннан тұла бойы сенделді.
Күй тасыды сезбей арна, кемерді,
– Сирек дарын, – деп жамиғат кенелді,

Барын салды, өршеленді, селдettі,
Даналарға қос иығы тенелді.

Сезімің жоқ сұрап алған біреуден,
Күй боп кеттім күйшіге сәт тілеуден.
Пенде туған
Періште ме – деп қалдым,
Үні сепкен нұрлы үміт,
Кім? – десендер, – бұл жігіт,
Айтсам сөзбен жабайы,
“Отырар сазын” орнатқан,
Ол – күйшілік Абайы.

Бірде төкпе,
Бірде шертпе шекітті,
Тапты, тапты қекей кескен тетікті.
Кім көріпті, күйге осындаі жетікті?
Сағындырыған “Сарыарқа” боп маңайым,
“Саржайлауға” қайран көніл жетіпті.

Кім? – десендер осы адам,
Жаны өнерге дос адам,
Құт орнаған маңайы,
Ол – ән, күйдің арайы.
Бәрі соның бір адам,
Бәрі соның Нұр-ағам.

Ол күй тартса көлде акқу сыланып,
Саңқылдайды бермен қарай бұралып.
Ынтық сәлем көптен күткен жеткендей,
Құлшинасың құшағына сұранып,
Қарсы аласың балқып, шалқып, куанып.

Дархан дүние нұр шуағы шектелмей,
Түрленесің жер жұмақ боп кеткендей.
Сүйсінесің ансап жүрген ақку құс,
Жүрегіңен жүзіп қана өткендей.

Құйғыт! Құйғыт! Күй құдайы колдасын!
Дедім сүртіп қуаныштан көз жасын.

Еліктірді, елжіретті деймін гой,
Балқыр еді денен түгіл корғасын.
Не де болса басына бір көтерді,
Аруақ қонған құйдің зәулім ордасын.

Сал домбыра жетсе шырқау шағына,
Үн төгілді алтын сыңғыр ағыла.
Күйші отырды бір тіріліп,
бір өліп.
Дирижер боп кол сілтейді тағы да.
Қолбасшыдай төрін алған майданның,
Туды нағыз бақ жұлдызы жайнар құн.
Бір заулатты
Жұртқа қарап құлімдең,
Жарқылындай жанартаулы қайнардың.

Қанықтырған кен өлкенің сырына,
Ізет етті заман өнер құлыша.
“Феномен” – деп, “ақ сұңқар” – деп
тамсанды,
Қазағымның дара тұлға ұлыша.

“Отырар сазы”
сәтті болды өтімі,
Жас оркестр бұғанасы бекіді.
Батыс жаққа салынғандай қүй-көпір,
Қанат жайды сан ұрпактың өкілі.

Қүй толқытса көнілі ояу жандыны,
О, қазағым! Өзіндікі барлығы.
Нұр құйса да, жыр құйса да,
Өн құйса,
Онсыз толмас қазақ өнер сандығы.
Не де болса құстай алтын қанатты,
Бар казаққа бар әлемді қаратты.

– Марапаттан ығыр болдық, – дерсің де,
Шындық осы досым, менсін, менсінбе.
Жұмыр жерді тұрды сонда құшақтап,
Тілендиев өлең жазған менсіз де.

Тебіренбеуге жетпегені әлімнің,
Күй құмарлық – бергені ана тәлімнің.
Жақсы күйді сүйдім баба рухындей,
Күш, қайратын молайтқандай жалын күн.
Үннен татқан рахатындей жанымның.

Күй – Фараби, әлемге әйгі табысы,
Күй – Отырар, соңғы қонырау қағысы.
Күй – Махамбет, желден жүйрік жебесі,
Күй – қазақтың мысы қайтпас дабысы.
Күй – Құлагер, құс қанатты шабысы,
Күй – Жез киік, құба жонда ағысы.
Күй – “Сарыарқа”, Құрманғазы “Серпері”,
Күй – “Саржайлау”, Тәттімбеттің намысы.
Күй – домбыра күмбірлекен дауысы,
Күй – су жорға бипыл аяқ алысы.
Күй – анаңа сәлем айтқан сағыныш,
Күй – Махабbat – өле ғашық жар ісі.
Күй – құдаша, алтын алқа тағысы,
Күй – жүйріктер аламан бәйге жарысы,
Күй – қазақтың шалқар теңіз даласы,
Күй – арыстар жанын қиған ар ісі.
Жан ұшында жатсам ертең бір күй тарт,
Одан артық жоқ фәнидің дәрісі.

Күй – қазақтың құдай берген дарыны,
Күй – қиялым, Қорқыт-ата сарыны.
Күй – дабылым жеткен Сақтар, Ғұндардан,
Күй – арманым, Асан-қайғы зар үні.
Күй – қазақтың ізгі иман тілегі,
Күй – керуен, көшпенділер легі.
Күй – құбылыс, ұлттық асыл рухым,
Күй – халқымның лұпілдеген жүрегі.
Күй – Едіге қара қылды қақ жарған,
Күй – шежіре, ел тарихын актарған.
Күй – мұнара, құнғірлекен күмбезі,
Күй – Абылай, басын қосқан қазақтың,
Күй – Мағжан, аңсап өткен азат күн.
Күй – бұлқынған Бұқар жырау бабамыз,

Құй – азасы, қазақ шеккен азаптың.
Мен бакиға аттанғанда бір күй тарт,
Бар күнәдан келсе мәңгі тазартқың.

Қүй – ақ тілек, үн байлаған үкімі,
Қүй – жас отау, түзу шыққан түтіні.
Қүй – анамның маған сенген қиялы,
Қүй – сағыншаш жүргегімнің лүпілі.
Қүй – құрдастар, бала күннен бірге өскен,
Қүй – достарым қызын күнде бірлескен.
Қүй – атамның маған берген ақылы,
Қүй – ұстазым болашаққа сыр шешкен.
Қүй – құс жолы, қол сілтеген нұрлы аспан,
Қүй – биікте ғашық жұлдыз сырласқан.
Қүй – туған ел, ата мирас арманы,
Көшкен бұлтпен, аққан желмен мұндасқан.
Қүй – сал көктем, исі жана тың маусым.
Қүй – жан жарым, өзгермейтін қызы дауысың.
Қамыққанда, жабыққанда мені ойлап,
Жаңың сүйген бір күйді ұзақ тындарсың.

Десеніздер

– Сонша толқып не бітті? –
Дүние жалған ауырлығын кемітті.
Қүй – Нұргиса ереуілші екпіні,
Ауыл жаққа сағынышты кемітті.

– Сезім женғен шығар, десен қынды,
Мен не дейін туса ырғақ татымды.
Сергек сезім саяласа ақылды,
Беу, ағайын! Тоз, тоз болып кетпестей,
Адалдыққа, адамдыққа шақырды.
Туган елім, асыл өнер тұрағы!
Айғақталды айдан айқын ұраны;
Міне, қазақ шын межешам шырағы,
Нұргисаны алақанға көтерсек,
Ол көтерді ата мирас мұраны.
Сезгеніме жетпей жатыр айтқаным,
Мақтаныш пен мақтауыма тұрады.

Осынау сәтте кім толқыды менен көп,
Ойламадым қандай баға берем деп.
Төкпелетсе Құрмангазы секілді,
Шертпелетті Тәттімбетше терендеп.
Төкпе, шерте
Шекарасын сырғаны,
Екеуі де қатар билік құрганы,
Нұргисаның оралып тұр көзіме,
Бар қазақты біріктіріп тұрганы.

Жұлдызды алса қол жетпейтін көктегі,
Бүкіл әлем қолпаштады, жөптеді.
Төкпе, шерте
Шын бауырлас, аралас,
Міне күйдің Нұргисалық мектебі.

Құтты төрде құрса өнер салтанат,
Бара алмайды оған жабы қолқапал.
Жете алмайды жауыр мәстек оппалап.
Бозда қалар боз өкпелі бор талап,
Ата-баба аманатын жеткізген,
Ән боп, күй боп қосақталса қос ғажап,
Осы деп біл ұлы тұлға, зор қазақ.


Айқын айтсақ “сұлу саздың пірі” – де, -
“Киелі жан даналардың бірі” де.
Затты қазақ, ол – адамзат дүлдүлі,
Не десек те бәрі сияр іріге.

Тына қалса “Отырар сазы” үні де,
Бунақталды жүректің жыры гүлі де.
Тілендиев сұлу сазы сақталар,
Жер-жананда жалғыз казақ тіріде.

1983 ж., Мәск

II бөлім

Олеңдер



САҒЫНЫП ЖҮРМІН Нұр-Аға

Сағынып жүрмін Нұр-аға, сені мен бүгін,
Шер тарқатар сезімтал сергек келді күн.
“Ата толғай” толқытып кетті жан баурап,
Қам көніл іздең мұң басар тепе-тендігін.

Сағынып кетем сүм жалған сырын ұққанда,
“Қарағай басын шортан шалып” жыққанда.
Бұлығып кетем Евней, Төлеш, сені ойлап,
Дос дегендер бос сөз боп алдан шыққанда.

Аңсатты күндер күй сандық бетін ашатын,
Он саусағың ақ маржан сыңғыр шашатын.
Сарғайған сағым ішінде жүйткіп “Жез киік”,
Алтын тұяқ дүбірі құмар басатын.

Сәт қайда, шіркін! “Отырар сазы” құлшынар,
Түскенде еске сағынбай бәрін кім шыдар?!


Сен күй тартып, мен жыр оқып толқыған,
Тірліктең ең сәтті туған күн шығар.

Әйтеуір қазақ өзіңсіз тойын ашпайды,
Сәйгүліктер қүйінен қарқын бастайды.
Саңқыл да қаңқыл көлде аққу, қаз қосылып,
Ақ марал жонда адамнан үркіп қашпайды.

Күйіне балқып, бесікте бала жата алмас,
Жас жұбайлар тойы жоқ атың аталмас.
Ұлттымың ұлы перзенті болдың Нұр-аға,
Құрманғазы, Тәттімбеттермен қатарлас.

Осыны сезіп, лұпілдеп жүрек нұрланып,
Отырам ойлап бір күйіп, кейде бір жанып.
Тәуба, деймін данамен достық тебірентіп,
Домбырамды бір шертіп қана, бір қағып.

28.09.2004 ж.
Астана



“ЖЕЗКИІКТІҢ” ТҰҢҒЫШ ӘНІ ТУҒАНДА

Ән шыгарды Нұрғиса “Жезкиікке”
Деген хабар жеткізді зор биікке.
“Күміс бауыр, жez қанат” деп толқыған,
Салған екен дәл тиіп сөз күйікке.

Естілмейді-ау, жүректің дір еткені,
Бұдан артық туар ма тілек тегі.
Елден ерек қуантты өлеңімнің,
Ерке дүлдүл қолына іліккені.

Кездескенде: “Екі есе қысқарт, – деді,
Киігің жүр бұлтартпай ұстап мені.
Шапшаң өткен шаттықтың мұнын айтып,
Тұзеп бер деп көремін қыстап сені.

Алматыға келгенде Жезқазғаннан,
Кездеспей ме керегің кең жалғаннан.
Апыл-ғұптың жүздесіп кетпеймісің,
Естен қалмай шыққанша енді арманнан”.

– Көксеткенін Нұр-аға, білдім – ненің, –
Осындаға өзің тым білгір ме едің?! –
Дедім-дағы
Тілегін тез орындалап,
Қас қагым сәт кірпікке ілдірмедім.

Нұр жайлады сол сәтте Нұр-ағамды,
Домбырасын солақай бұрап алды.
Ән сарынын соナン соң құйқылжытты,
Жайлагандай “Жезкиік” гүл аланды.

Самғатты ма, ағаңың өз күйігі,
Таңдантты ма әлде бір сөз түйіні?!
Ең алғашқы
Біздерді жалғастырған,
Нұрғисаның нұрлы әні – “Жезкиігі”.

1973 ж.

ЖЕЗКИІК

Әні Нұргиса Тілендіевтікі

Жезкиік біздің жаққа қалай келдің,
Жолымды қөлденендең жанай бердің.
Құтпеген қуаныштың хабарындай,
Жалт еткен жанарына қарай бердім.

Асықпа, көрейінші жөндеп қана,
Қалайын өзімді-өзім емдеп қана.
Тез өткен кездесуді жалғастырып,
Көп күндер ән салармын сен деп қана.

Құмарым қайта көріп қанар ма екен,
Әл бітіп салқын жүрек жанар ма екен.
Қапылыс әлде біреу атып алып,
Сағыныш әуресіне салар ма екен.

Сұлуды адам жаны қимайды екен,
Бейmezгіл еске түсіп, қинаиды екен.
Жез киік, сен есіме түскен кезде,
Бір өзім Сарыарқага сыймай кетем.

1973 ж.

НӨКІСКЕ КЕЛДІ НҰРҒИСА

Нұрғисаның Нөкіс жаққа келгені,
Сағым қуған жүрегімді емдеді.
Қанатына байлап асау күйлердің,
“Жезкийкіті” ала келді елдегі.

Жазғы аптапта ерте түскен қыс көріп,
Жүруші едім ала-құла түс көріп.
Сыймай тұрдым жағасына Әмудің,
Қанаттары сусыл қаққан құс қонып.

Толғанысты дастан етіп жазып әм,
Келді дүлдүл бірге “Отырап сазымен”.
Сарыарқаның сабат толқын самалын,
Әкеліпті аққу, қаздар назымен.

Күнгейді аңсап көлеңкеде жүргендей,
Таулы аңғарға әлде оқыс кіргендей,
Нала күнде
Ала келді Нұргиса,
Ән базарын елтіп құлақ жаныма,
Сабыр толды,
Ел қонғандай маңыма.
Аз өмірдің
Мәз күндері басталды,
Наз бедеудің қол тигендей жалына.

Қарақалпақ, өрің менен төрінді,
Тамсандырды сансыз аспап көп үнді.
Күлім қагып,
Жарқ еткенде Нұргиса
Елдің шеті көз алдыма көрінді.

1986 ж.

НҰРҒИСАЛАР АТТАНҒАНДА ӘМУДЕҢ

Шыдасам елді қанша сағынғанмен,
Басқаша құнде осынша жалындар ма ем.
Нұр-аға, қайтқан Арап бір толғандай,
Жүректе қалдым қимас ағындармен.

Тыңдады жұлдыздар да тынышталып,
Қолдады өнеріне қызып халық.
Жеріне Қарақалпақ Алматыдан
Жетіп ең жер, көкте жоқ қызықты алып.

Қанықтық шертпе, төкпе сарыныңа,
Сүйсінді Бердақ елі дарыныңа.
Тәттімбет, Құрманғазы болды разы,
Сарыарқа жалғасқандай Нарыныма.

Қарсы алса қарақалпақ, қазақ, өзбек,
Достықты ұлгайтуды жеттің көздел.
Күй толқып Төрткүл, Мойнақ арасында,
Есімің ұмытылmas кетті сөз бол.

Қырандай қос қанатың серпілгенде,
Елтідік, бола қалдық ессіз пенде.
Бір інің Қызылқұмда қалғандай бол,
Артыңа кимай қарап кеттің сен де.

Із қалды қатты қысқан қолдарыңнан,
Ән қалды – сан жүрекке жол салынған.
Не дейін қоштасарда
елге қарай,
Келіп тұр еріп кеткім сондарынан.

1986 ж.

ОЛ ҚАЗАКТЫҢ СҰЛУ САЗДЫ ЖҮРЕГІ

Нұрғисаның қай күйі мен қай әнін,
Тыңдай қалсан еске түсер баяғын.
“Жан сәулемді” шырқаганда Бибігүл,
Жаным толқып құнғе құлаш жаямын.

“Ата толғау” – бар қазақтың табысы,
Қайнап тұрған ол – ар-ұждан, намысы.
Бір тыңдасан есте қалар мәңгілік,
Акқулардың сыңып қанат қағысы.

Құйындарта қойдырмастай бір нұкте,
Қырғын күйден ұғынганым құндікке:
Бар қазақты ішкі дауға бастырмай,
Құлан таза шакырып тұр бірлікке.

Нұрғиса – күй елдің асқақ тілегі,
Ол – Қазақтың сұлу сазды жүрегі.

1992 ж.

ШАРАФ РАШИДОВТЫң АЙТҚАНЫ

Біз Мәскеуде кездескенде алғашқы,
Шараф аға жүрек қылын дәл басты.
Әкім емес,
акындарша ақжарқын,
Фибрат алар ізгі тілек алмасты.

Кейінірек...
Кездескенде Ташкентте,
Санамадық
Өткен уақыт аз, көп пе.
Өзбек елі сәүлеті мен дәuletін,
Мақтап едім салып адал әспетке.

Рашидов
керім, кербез қалпында,
Сөз жалғады кеменгерлік салтында.
Деді: – Байлық аз емес қой айтарлық,
Тарихы мол менің сүйген халқымда.

Жетпес айтып
Жұз поэма – жыр құйса,
Аз көрінер
Жұз роман, жұз қисса,
һаммасы бар...
Ташкент – шығыс жұлдызы,
Ал, жоғымыз, – деді, – жалғыз Нұргиса.

Бұхара мен Самарқант та бабында,
Сыйласп келем Ақсақ Темір тағын да.
Ал, Нұргиса
Қайран, “Ата толғауы”,
О, дүниеге бірге кетер жадымда...

Тер аямай елге қызмет етермін
Байлыққа да еш қызықпай өтермін.
Тар табытқа басқа бүйім симайды,
“Ата толғау” үнін алып кетермін!

Тақап калса Айтматовтар Мұхтарға,
Бізде де бар
Кемел табыс құптарға.
Ал, Шығыстың ән мен күйін сөз етсек,
Тілендиев
Жеке дара шыкты алға, –

Деді дағы “Ата толғай” ырғағын,
Әуендетті, жан тебірентіп нұрлы ағын.
Елтіп, балқып,
Көнілі шалқып сүйсінген
Асыл аға толғанысын тыңдадым.

– Міне, – деді – шексіз дарын бай талант,
Жүруші едім
Әндерінен байқап-ак.
Мұн басамын көнілді бұлт шалғанда
“Ата толғай”
күйін үнсіз қайталап.

“Шабыт деген балық емес тұздаған
Оны жөн ғой
Қолдап кетсе қыз-қалам”, –
деген екен дана Гете,
Ойласақ...
Мезет жоқ та Тілендиев қызбаған.

Фажайып қой әр дыбысы қыз нұрлы,
Әр ырғагы
естен кетпес мың сырлы,
Нұргисаны асau тағдыр қолдады,
“Ата толғай” Азияны қыздырды.

Жан мен тәннен жаратылған біз де адам,
Ән, күйіне талай рет қызды аған.
Күй – Нұрғиса мәңгі – бақи жасайды,
Мұхит еріп кеткенінше мұздаған, –

Деп ақсақал тебіренді де бір күлді,
Қарт данагөй сезім кешті мың тұрлі.
Қонаевка сәлем жолдап қол созды,
Бір шың байқап тұрғандай зор бір шыңды.

16.02.2001 ж.
Алматы

КҮЙ ӘСЕРІ

Жалғанда жан азығы күй дегенің,
Ой қозғар сүйгенің мен сүймегенің.
Ішінен қалың орман әрең шығып,
Жол тапқан жолаушыдай тұрленемін.

Ұмтылған құз-қияға күйшіге еріп,
Жанымды мұнайтады сыршыл желік.
Бір тыңдалап “Сылқылдағын” Тәттімбеттің,
Мұнымды тістен шықпас білші келіп.

Қызығам төкпе күйлер намысына,
Шертпе күй қайран қалам қағысына,
Әр ұннен жусан иісі бұрқырайды.
Құландар жортып өткен сағым далам,
Алдымға күй бол келсе ағындаған,
Құлшынып, құлын жүрек шұрқырайды.

1978 ж.

ТИМЕШІ

Тиме, бұлбұлға,
еркімен сайрасын,
Тиме, жұлдызға,
ерекше жайнасын.
Тимеші, екі ішек үндессе,
Сағыныш толқыны байлансын.

Тиме, ақкуға,
ұзбесін санқылын,
Тиме, қыранға,
бұзбасын қарқынын.
Тимеші маған да тебіренсем,
Алсыншы аңсаған жан тыным.

Тиме, елікке,
жүрегі бекінсін,
Тиме, киікке,
түлегі жетілсін.
Тимеші маған да ән салсам,
Көкірегім бір дертін кетірсін.

1979 ж.

НҰРҒИСАНЫҢ БІР КЕЛІНШЕККЕ АЙТҚАНЫ

Арықтапсың тұла бойда түк қалмай,
Шошып кеттім бір пәлені ұққандай.
Қарағым-ай,
Көрінесің көзіме,
Кеше ғана Освенциумнан шыққандай.

Көңілге алма, есің бар ғой сөз ұгар,
Фигуранды сактаудың да жөні бар.
Бұлшық етің қызықтырысын бұлқынып,
Сұлусың ғой бола көрме өлі мал.

1992 ж.

НҰРҒИСАНЫҢ БҮРКІТБАЙҒА АЙТҚАНЫ

Көрмессің айтқанымды еш бір сөкет,
Мәкүрік жұтпайын деп өттім төпеп.
Басы май ортасы сай секілді екен,
Мұрныңды басқан жок па велесепет.

1973 ж.

* * *

Әйел көрсе қалды – деп, ғашықтанып,
Сын тағуға ағайын асықпалық.
Фаламға айтпас жан сырын қаламға айттар,
Ақын деген жүргегі ашық халық.

Жүйрік көңіл озғаны көк дөненнен,
Сұлу көрсем рас тез өндөнем мен.
Бір ғажапты өмірде танымасам,
Қоштасардай қорқамын онды өлеңмен.

Қазақ көрсем Мәскеуде қуанатын,
Ғадетім бар – бір сөзге сұранатын.
Енді тұрмын дос-жаран ортасында,
Кездескендей елде бар жұрағатым.

1992 ж.

АУЫРМАШЫ НҮР-АҒА

Құлак шалып елеңдеген дос үнін,
– Тілендиев сырқат, – десе шошыдым.
– Сақта тағдыр, –
Дей беріппін – дүлдүлдің,
Тасқын күшін қасиетті отынын.
Сырқат десе шошымайын мен неге,
Шын жүйрікті байлау зорлық кермеге.
Мен Премьер болсам егер
Салар ем,
Нұргисаның нұрлы жүзін теңгеге.

Салар едім
бұлбұл ұшып көзінде,
Кекірегі балқып күлі сезімге;
Орап тастап әркім ғашық әуенге,
“Отырар сазын” ойнақтатқан кезінде.
Салар едім “Ата толғау” алқымдап,
Тәтті бабам “Саржайлауы” қарқындап.
Құрманғазы “Сарыарқасы” құйғытып,
Өз “Аққуы” ұшқан кездे саңқылдап.

Салар едім күздің күрең таңында,
Қос көл жақта Ұлытаудың маңында;
Қайтқан құсқа қарай қалып
Нұр-агаң,
Жаны құс бол шабыт қонған шағында.

Салар едім...
Сайрап ойдан, қырдан да,
Сандуғаштар
Сайда сайран құрғанда.
Салар едім,
Сал табиғат тілдесіп,
Самал жұтып тұпсіз ойға тұнғанда.

Салар едім...
Сайда жылқы жосылып,

Ақ бөкендер жарысқанда шошынып.
Өзі бірге кетер еді Нұр-ағаң,
Кең далада мың дүбірге қосылып.

Ауырмашы, ауырмашы Нұр-аға,
Сені сүйген ел тілегі тына ма?!
Шалқар шабыт сала беріп майданға,
Дем алуды білмей жүрсің сірә да.

Көкшетауды аралашы бір рет,
Сексен көлде көрші ақкулы сурет.
Ақан, Біржан, Үкілі Ұбырай тебіреніп,
Қуат берер құдіретке құдірет.

Барып қайтшы Баянауыл басына,
Күтіп тұр ғой Абай елі асыға.
Араласаң Ертіс бойын алаңсыз,
Жыр төгілтіп ерер едім қасына.

Астананы аз күн тастап
ауылға,
Жетейікші сағынышты қауымға.
Бар сырқатты сауырынан бір соғып,
Қайтадан шық күйлі нөсер, дауылға.

1994 ж.

* * *

Бірге оқыған Мәскеуде әріптесім,
Білмеуші еді қазақтың әліппесін.
Судай таза сәйлеп тұр өзімізше,
Соны көріп таңданып таныпты есім.

Екі көзі айтып тұр екі өмірді,
Сыр бермедім – деместей неге құлді?
Төбем көкке жеткендей қуандым ғой,
Қазақша айтса сұраған керегімді.

* * *

Жолықтырар талай сан думан бізді,
Ұмытайын соңымнан қуған ізді.
Ол студент кезінде қарамайтын,
Болыпты енді бауырмал, иман жүзді.

Сырын айтты жүргендей азап болып,
Қиналып тұр көкірегін қажап, жонып.
Қызы орысқа шықса да,
Мен куандым.
Қалғанына өзінің қазақ болып.

1992 ж.

МАҚТАН ЕТЕМ

Ақ кірмей-ақ
Көпене шашымызға,
Асая кезде “Гәккушіл” заты қызба,
Нұрғисамен таныстым
Алғашқы рет,
Шота, Евней, Төлеш бар қасымызда.

Қайран қалдым көргенде қағыстарын,
Нақысында салты бар нақ ұстаның.
Содан кейін
Сан жылдар көз алмастан,
Құтты болды аға – деп табысқаным.

Дос ниетпен
Сыйластық жалғап үнді,
“Құстар әнін” сүйетін салғанымды.
“Отырар сазын” жыр етсем,
Аңғал мінез,
Кемел күнде келбеті анғарылды.

Өжет еді Нұрғиса жолбарыстан,
Арыстаннан әлді еді жолда алысқан.
Қос жанары
Қыраннан қырағы еді,
Жетер жерін дәл көздел, самғап үшқан.

Абай жайлы іздеді жыр өтімді,
Сәті түсті
Саз толғақ жүре туды.
Мұхтар аға секілді аса терең,
Сонда сездім Абайды білетінді.

Даналықтың даналық досы болды,
Құзарт шыңға ән толы қосы қонды.
“Абай ата – ақындық пайғамбары”,
Ақырғы әні өмірде осы болды.

Ерекше күй,
Ел, жұртқа жайған нәрі,
Кешегіден ол терең толғанды әрі.
Жиырмасыншы ғасырды дүбірлеткен,
Бай мұрасы ұрпаққа жалғанды әрі.

Сұлу сазбен
Күй – жұлдыз жаққан екен,
Іс тындырды әлемдік сапқа жетер.
Дүлдүл аға қасында жүрген күнді,
Діңгегіндей тірліктің мақтан етем.

15.12.1999 ж.

ӘН ТУҒАНДА

Әсем әуен оралар ак тілекке,
Сызылады сұлу саз ұлбіреп те.
Сол бір кезде ес кетіп, елжіретіп,
Ләzzат құйып тұрады үн жүрекке.

Жадырамас адамның әнсіз жаны,
Жер жұмағы – сұлу саз, таң шуағы.
Ән туганда қуаныш құлшындырып,
Мұң мен шерден көніл тез аршылады.

Ай аспанда толғанып, тебіреніп,
Күн бой жазып, кетеді жерім кеңіп.

Эн ақкүдай айдында санқыл қақса,
Жан-жануар тыңдайды мейірленіп.

Эн туғаны – өскені гүл көңілге,
Келгендеймін сол үшін нұрлы өмірге.

1978 ж.

ӘЛҚИССА

*Нүрекең маган осы өлеңді оқытып қойып, өзі
“Әлқисса” атты күтін орындаушы еді, содан кейін
“Отырар сазы” толқи жөнелетін.*

Біз қазақпыз түркі тектес тіліміз,
Тұп, тамыры алты Алаштың біріміз.
Ата жұртын көл қорыған қызығыштай,
Сақтап қалдық. Тәуба айтамыз, тіріміз.

Сұлу Көкше өр Алатау арасы,
Бәрі тұтас қазағымның даласы.
Сонша жерді сойылымен қорғаған,
Бабаларым осал емес шамасы.

Дала – елдің мәңгі тірек панаыс,
Оған болмас саналы жан таласы.
Ақ Жайығым Қарқаралы, Баяным,
Таңғажайып келбетіне қараши.

Бар сырымды байқа іңкәр көзімнен,
Жарқ етеді ақ боталы боз інген.
Сұнқар сүйгіш, тұлпар сүйгіш қазақпыз,
Кен даласын Алтын Орда сезінген.

Баяғыны етсек терең сарапалап,
Болды заман жат басынған табалап.
Ел тозғанда
Соқыр көзден жас шығып,
Тұған екен Абылай болар Сабалақ.

Қабанбайлар, Бөгембайлар ағынды,
Сын сағатта сыңдырмады сағымды.
Кенесары, Ағыбайлар шындағы,
Бостандықшыл намысымды, арымды.

Дана сөздің мықты келсе тоқпағы,
Абайына бүкіл қазақ тоқтады.
Сәкен, Мағжан, Ілиястардың үнімен,
Жарқыл қақты тәуелсіздік оттары.

Табысым бар,
Қанышым бар ол да анық.
Жол барлаймын мен Мұхтарша
толғанып.
Жамбылым бар, даңғылым бар
жайнаған,
Төле, Қазбек, Әйтекелер жол салып.

Ай, әлемде өрелі елдер секілді,
Біз де аттандық көпір салып не түрлі.
Бар халыққа бірдей құрмет көрсетем,
Құбыла жаққа көп бұрсам да бетімді.

Көгілдір ту желбіресе жасқанбай,
Үнім шықты
Күнім туды ақ маңдай.
Асыл қайнар арна таппас тірлікке,
Әлқиссадан бірлік жолы басталмай.

Байтақ дала!
Дархан атамекенім,
Қасиет консын жалғасындай Меккенің,
Сыртқы жаудан, ішкі даудан сақтасын,
Сонда азатшыл арманыма жетемін.

ТОЙ ТОЛҒАУЫ

Нұргиса Тілгендиевке

1

Сұнқардай өрге талпынып,
Шырқайын бүгін шарқ ұрып,
Бес саусақ тисе пернеге.
Ой түбінде гауһарым,
Толғанып, толқып айтарым,
Өзгелерден кем деме.

Жұлдыздай жайнап аспанда,
Дұлдұлдің тойын ашқанда.
Шалқымаймын мен неге?!

Дәстүрлі күйдің жалғасын,
Фажайып әннің арнасын,
Ту етпесін ел неге.

“Ата толғай” қарқындал,
“Аққу” күйі саңқылдал.
Ақтангер шықты көрмеге.
Жабайы емес ұлы адам,
Жетпіске келген Нұр-агам,
Жарқ етпессің сен неге?!

Сазгерліктің патшасы,
Бұрылды саған ат басы,
Жұлқынды тұлпар кермеде.
Әуелесе “Әлқисса”,
Келбетіне Нұргиса
Сүйсінбесін ел неге?!

2

Күйлерің жігер қайрады,
Билерің қанат байлады,
Төгілттің әннің асылын.
Құрманғазы, Тәттімбет,

Артқандай саган ақ міндет,
Самғатты сені ғасырым.
Ақан Сері, Сал Біржан,
Секілді құмар қандырған,
Аңсаттың адам ғашырын.
Шығыстан шыккан керемет,
Шабытың тапты берекет
Құлама судай тасыдың.

“Отырар сазын” орнатқан,
Жер бетін түгел қолдатқан,
Толықсып кетті маңайың.
Өмірге шаттық қосатын,
Көңілге дәру тосатын,
Баурады елді арайың.

Намысқа бастар ақ желкен,
Сарыны сырлы ең көркем
Кеменгер осы ағайын.
Кемелді кездे таниық,
Қазағым осы ақ иық,
Сазгер боп туған Абайым.

3

Жөні бар дара даңғылдың,
Тармағы дана Жамбылдың
Сеніпті тағдыр берерге.
Нағашылап негізге,
Көз жүгіртіп көп ізге
Тірелдім ақын Кененге.

Алатауда ауылы,
Алтай, Көкше бауыры
Арқаны әнге бөлеген.
Сыр бойы сылқым тамсанған,
Ак Жайықтан қарсы алған,
Қызы Жібек пен Төлеген.

Қиялды дос пен жатқа аян,
Қозы Көрпеш, Ақ Баян
Жүректен кетпес шалғайлау.
Өзгеден асқан беделі,
Нұрғиса үшін өз елі,
Бар қазақ жері “Сарыжайлау”.

Тұғырдан тұспес тектісің
Құтты болсын жетпісің!
Өзіңе тартсын ұл, қызың.
Жар салар қала, далаға
Жайнасын мәңгі жан-аға
Төсіңе таққан жұлдызың.

1995 ж.

НҰРҒИСАНЫҢ ҚОШҚАРБЕККЕ ХАТЫНАН

Ұлына Сыр маңғазы Тасбергеннің,
Құттықтау жолдатыпты наз келген күн.
Дәл басқан жан пернесін
Сөзі жатық,
Оғындан зая кетпес хас мергеннің.

Күйшіге қазаққа әйгі, мол табысы,
Хат жазса қүйшіліктің жолбарысы
Сиқырын жеті музға
Білгендігін,
Атапты: “Ел намысы – ер намысы”.

Толғанса тойлы күні Нұр-ағамыз,
Әр сөзден әулиелік сыр аламыз.
Інісін дана сазгер
ту көтерсе,
Қалайша жыр етпейік құрап аныз.

Қарамай жүрек қысым ауырына,
Айтыпты ақ тілегін бауырына.
Шын құрмет,
Шын жүректен көрсетіпті,
Жәй қакпай сәйгүлікті сауырына.
Төңкерген құзарт құз бен ойпатынды,
Телегей төгіліпті ой татымды.
Дүрліккен “Отырар сазы” дүбіріндей,
Дүние талай сыры шайқатылды.

Бітердей оқыған жан гүл өңіне,
Тізіпті қүйшілерді жүргегіне.
Қошқарбек, Қаршыға мен Мағауия,
Шәміл бар кірген төрттің легіне.

Төрт қүйші, төрт дарабоз, дара тұлға,
Төрт қыран қүй толқыған қанатында,
Жұр екен
Жұбын жазбай

Дана туған,
Ақтангер, ак сұңқардың санатында.

Өнерді мұрат тұтпай табыс қылған,
Мінезін кей күйшінің намыс қылған,
Сөзін-ай,
Бақсы бұрпақ үргедектің,
Сиқымен, сипатымен таныстырыған.

Сөзім жоқ айтқанына
Қосатын сәл.
Мінеки, үзіндісі – тосатын дәл:
Жастарға жылдамырақ, – депті, –
жолды,
“Хрычтар мен секілді” босатындар.

Ұғынсақ, құр жөптемей шұлғи салып,
Осы ғой қағып түсер Нұргисалық.
Арасын ақ пен қара айқын ашқан
Фәлсафа
Жаза берсем мың қиссалық.
Жаңа жыл тосып таза мәлдір гүлін,
Барып ем көңілін сұрап мен бір бүгін.
Нұр-ағам
Жатыр екен емханада,
Жүргегі жалғағандай ел бірлігін.

Сан сырын
Ашса хаты дүниенің,
Күй козғап домбыраның тұр тиегін.
Тебірендім әр сөзіне әлем сиған,
Мұхиттың көргендей бол бір жиегін.

31.12.1997 ж.
Алматы

ҚОШ БОЛ, АСЫЛ НҮР-АҒА!

Қосылғандай жер мен көктің арасы,
Ауыр қаза тап болғанын қарашы,
Көзін жұмды
Күй сүлейі,
ән пірі,
Сазгерліктің дара туған данасы.
Әрі аға, әрі сыйлы дос еді.
Өлді деме, мәңгіліктен тос елі.
Құрманғазы, Тәттімбеттен кейінгі,
Бар қазақтың шын дүлдүлі осы еді.

Күй толқытса көнілі ояу жандыны,
Көкіректерде мәңгі сөнбей қалды үні.
Толқынданған әуен толы, ән толы,
Құрт жабылды елімнің күй сандығы.

Көкірегі болса өнер тұрағы,
Ол жаңғыртты өткен асыл мұраны.
Сөнді бүгін “Отырар сазын” жандырган,
Бар қазақтың лаулап тұрган шырағы.

Нұрғисалық – үздік дәурен салтанат,
Жете алмайды оған жабы қолқалап.
Майырылды, қайырылды бір күнде,
Ән боп, күй боп самғап жүрген қос қанат.

Бір адамға симас еді-ау дарыны,
Жан баурағыш сиқырлы еді әр үні.
Сағынармыз күй-ағасы Нұр-ага,
Ерке сері, қаршыға-көз сарыны.

Күй саңлагы жок еді гой теңдесі,
О, қазағым! Өлді деуге сенбеші.
Атқан таң мен батқан Күнді толқытып,
Әр жүректе жайнап тұрар бейнесі.

Жәй оғындаң түскен озық дарага,
Өлді – деген сөз сыймайды санаға.
Сен өлмейсің,
Мәңгілікке өрлейсің,
Топырағың торқа болсын жан-ага.

17.10.1998 ж.

ЖҮРЕ БЕР ЖАҢА ҒАСЫРДА

Дарига Тілендиевага

Үзіліп кетті-ау өзегін,
Көз жұмғанда Нұр-ағам.
Құрт қайғынды сеземін,
Қыранмен бірге құлаған.

Нұрғиса кетсе мәңгілік,
Өлмestіk үлкен жолына.
Шаңыраққа күмбез сән қылып,
Қалдырды сені сонына.

Шабытқа бойда тоқтам жоқ,
Оңай ма асау нар болу.
Саған да жеңіл соққан жоқ,
Сұрапыл жанға жар болу.

Өнеге, үлгі білдірдің,
Көтерсөң жүгін тендерген.
Келесің даңқын дүлдүлдің,
Шалқытып бүкіл елменен.

Дінзухраң биік өрлеген,
Тағынсын бақыт жүзігін.
Нұрағаң ұзақ көрмеген,
Бұйыртын сізге қызығын.

Нұр-ағам бардай қасында,
Шабытты күндер аялап.
Жүре бер жаңа ғасырда,
“Отырар сазын” саялап.

01.12.1999 ж.

НҰРҒИСА АТТАНЫП КЕТКЕЛІ

Заманда аумалы-төкпелі,
Достарым тосып жүр өкпелі.
“Отырар сазына” соқпаппын,
Нұрғиса дүниеден өткелі.

Алыста сан жылдар көктемі,
Өтті гой. Сағыныш көптеді.
Нұрғиса сырқатқа шалдықты,
Мәскеуден біз көшіп жеткелі.

Жаңа жыр толқынын жөптеді,
Әннің де құйылды өктемі.
Абайдың тойына арналды,
Әл бітсе әндете шерткені.

Ырғактар кертолғау сертті еді,
Данаға ол тұра беттеді.
Қинады-ау сүм тағдыр қызғанып,
Қасына тым аздау ерткені.

Сұлу саз дүниеде еккені,
Құзарт шың – құлшынта жеткені.
Тұңғыштар ғашыққа арналса,
Сонғы әнін Абаймен шектеді.

Жазар жыр, айтар сыр көп те еді,
Қинады-ау ертерек кеткені.
“Отырар сазына” келмеппін,
Нұрғиса аттанып кеткелі.

Бұйрық сол. Уақыт та жетпеді,
Жігіттер қаттырақ сөк мені.
Бірақ та айыпқа бұйырма,
Осы гой көз жасым кепкені.

14.02.2000 ж.

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Нұргиса өтті өмірден,
Сүм ажал солай таңдайды.
Бірақ та еркін төгілген,
Ән, күйі естен қалмайды.

Даланы маңғаз теңселтті,
Зор қайғы елді жылатты.
Сарыарқа сыңсып желдепті,
Ұлытау көзін бұллатты.

Солқылдаң акты Жеті Су,
Қалғандай жетпей Балқашқа.
Қаралы желкен ілді ту,
Алатау құзарт әр тасқа.

Ел, жұртқа өксік үйді ғой,
Дүлдүлдің үстірт қазасы.
Сол кезде күймен түйді ой,
Артында жалғыз баласы.

Ұйқысыз тұндер сарп еткен,
Асылдан қалған із еді.
Мандайын ашып жарқ еткен,
Дінзухра атты қызы еді.

Екі ішек бірге мұндастып,
Пернелер көзін сұрткендей.
Домбыра кетті сырласып,
Алладан тілек күткендей.

Әкесіне тартқандай;
Саусақтар нәзік кішірек.
Жүрекке шырақ жаққандай,
Құлыш-құй туды кісінеп.

“Орындалған арман” – боп,
Құй төгілді бұркырап.

Алтын тұяқ, тарлан көк,
Құлын-күй туды шұрқырап.

Әлі де тым жас бала ғой,
Әр үні ойлы, байсалды.
Бір қағысы дара ғой,
Деп тындаушы тамсанды.

Мактауга күйі тұрарадай,
Туыпты сөнбес дертінен.
Еркеғали, Тұманбай,
Бәріміз сүйдік бетінен.

Қазага бір жыл өткенде,
Зиратқа тағым етіп ек.
Ескерткіш ашып көктемде,
Бір толқуға жетіп ек.

Кім жүрер мәңгі жалғанда,
Естідік жаңа қарқынды.
“Орындалған арман” да,
Сол жерде тұңғыш тартылды.

“Отырар сазы” жазды бой,
Оранып отты жасынға.
Біз кеттік бірге қалды ғой,
Құлын-күй ойнап қасында.

01.04.1999 ж.

ҚАРШЫҒА ТАРТШЫ “АҚҚУДЫ”

Әні Жамагат Темірғалиевтікі

Ағынға үнсіз бағындым,
Сарынға ғашық табындым.
Қарышға тартшы “Аққуды”,
Нұрғисаны сағындым.

Сағындым шуақ күлкісін,
Сағындым дана түр, түсін.
“Аққуды” тартшы Қарышға,
Ұшыршы, қайта нұр құсын.

Санқылдап аққу тамсантсын,
Сылқымсып, сыңсып аңсатсын.
Бебеулеп, желдет, балқытшы,
Қалжыратсын, шаршатсын.

Сұңқылдасын, сусатсын,
Ерітсін бойды бусантсын.
Әлемде ғашық аққулар,
Аңсаған әнін бір тартсын.

Келіп түр қос ішек бабына,
Шанақтан қағыт тағы да.
Сүйгендей аппақ тамақтан,
Оралтшы ғашық шағыма.

Таңдантсын, қос ішек ұмсынтысын,
Махаббат маусым үн шықсын.
Қарышға тартшы “Аққуды”,
Нұрғиса күйі құлшынтысын.

19.03.2001 ж.

АЙГУЛДІҢ КҮЙ ТАРТҚАНЫ

Өлі оянып,
Күш бітердей тіріге,
Әу, дегеннен тартты қос ішек іріге.
Күйші қыздың
Қос жанары жарқ етті,
Баурап алды тасқын құйлер үніне.

Әр қағыстан,
Құрмангазы қаулап тұр.
Дина анасы ақ батасын арнап тұр.
Ойга салып, толғандырса Тәттімбет,
“Аққулатты” Нұрғиса да жалғап сыр.

Әне, кетті қара шашы төгіліп,
Әруақ қонды
Үн – құдірет өріліп.
Күй сұрапыл нән толқыны
Тасқындап,
Кетті сахна қайсар сазға көміліп.

Бірде кетті “Айжан қыздай” албырап,
Бүлкіл қақты “Сылқылдақ” та ән сұрап.
Екі ішекті еніретті бір кезде,
Хас батырдай “Кісен ашқан” қансырап.

Құлақ түріп тыңдағандай бар ғалам,
Тасқын сарын бұлттай тынды жаумаган.
Күй де тынды.
Айгүл әрен сау қалды,
Оттан шыққан аққу құстан аумаған.

О, ағын күй! Көкірегімнен жүзіп өт,
Тарта берсе тындар едім жүз рет.
Мақтан етем ел дүлдүлі Айгүлді,
Наримандай өз досымның қызы деп.

2002 ж.

ҰЗЫНАҒАШТАҒЫ ХИКАЯ

Нұр-ағамыздың өмірден өткеніне бір жыл
толғанда Ұзынагаштагы Жамбыл атамыздың
қасындағы бейітінде ақтангер ұлына туган елі
тамаша ескерткіш орнатты. Сол ескерткішті
ашип, әрі жетпіс бесін атаган салтанатта сойлең
түрсам, топ ішінде бір балага көзім түсін:

Шындық осы естігем жоқ аныздан,
Дөп түсті ғой қолға таза қауыз дән.
Беу ағайын, көңілге алып мін тақпа,
Бір ауыз сөз шығып кетсе ауыздан.

Қайда барса қасында жұрт каулайды,
Келіншектер оны, эрине аулайды.
Әне біреу қалқан құлақ, салпы ерін,
Сары бала
Нұргисадан аумайды.

Дегенімде сақ-сақ құлді ағайын,
Тұманбай да бір сипады самайын.
Еркеғали “дұрыс” деді ақырын,
Көзбен шолып дүр сілкінген маңайын.

*Сонда топтан суырылып шығып бір сұлу
келіншек тіл қатты:*

– Ақын аға сөз айттыңыз сенетін,
Әбестік жоқ реті бар көнетін.
Нұргиса ағам Жамбыл ата басына,
Көбінесе қоналқага келетін.

Көзіңіздің түскені жөн балаға,
Сөз таптыңыз түбі кетпес заяға.
Арман болмас тартып туса ұлымыз,
Нұргисадай ел дүлдүлі данаға.

Сұлууларға көп қызықса елдегі,
Мол еді ғой сазгер аға ермегі.

“Қалқан құлақ, салпы еріндер” көп болса,
Ол да құдай осы ауылга бергені, –

*дегенде жиналған халайық ду күлді. Енді тоқ-
тадық-ау, дегенде тагы да бір жас ару әп-
сәтте сөз жалгады:*

– Неге сасып сондайдан сақтанамыз,
Біреуге үкссас бізді де тапты анамыз.
Дені сойкан
Нұр-агаң сері еді ғой,
Ол қылығын сөкпейміз мақтанамыз.
Алғашқы рет көрсем де жерік қылдың,
Арнау өлең балқытып, еріп тұрмын.
Ұзынағашта аз емес “Жезкиіктер”,
Жиі-жій ағажан келіп тұрғын.

*Естіген жұрт күлкіге тагы да қарық бол-
ды. Сол сәтте жан сезімін быттайша сипат-
таптын:*

Келіншектің жүзінен арай көрдім,
Нұр-агам-ай, қалыпты-ау, талай белгің.
Айттар сөзім аузыма түспей сонда,
Дариға мен Мәриямға қарай бердім.

Женді бірақ, тегі асай ақындығым,
Алғыс айттым туардай татымды үнім.
Қос аруга гүл бердім кезек сүйіп,
Жүрекке орап заты ыстық жақындығын.

Көзге оралса сондайда нелер белес,
Татымы бар таңдайға етер кенес.
Қалқанқұлақ, салпы ерін, сары бала,
Жан толқытып, есімнен кетер емес.

01.04.2000 ж.
Ұзынағаш,
Алматы облысы

ҚҰСТАР ӘНІ

Ақкулар айдын көлде саңқылдайды,
Сүйсініп орман, тоғай ән тыңдайды.
Сырнайға көбіз үні қосылғандай,
Қоңыр қаз мың құбылта қанқылдайды.

Көктемде акку, қаздың әйбәт әні,
Бойында жігер, қайрат қайнатады.
Тырналар қырға шығып тырауласа,
Сандуғаш сай, саланы сыйратады.

Жаз келсе өзгешелеу ән тамады,
Дірілдеп судың беті жанданады.
Балалар қорғап қалған қара құстан,
Ұшуға балапандар қамданады.

Күз келсе жылы жаққа құс көшеді,
Қоштасар туған жермен күн кешеді.
Нұргиса Тұмандаймен әнге қосқан,
Құс әні, адам жаны бірлеседі.

Осылай “Құстар әні” қалықтады,
Адамдай арыз, назы анық бәрі.
Қоштасқан туған жермен аққу, қаздар,
Сағыныш қанатында шарықтады.

10.03.2003 ж.
Astana

РУХАНИ АЗЫҒЫМ

Тілениев сүйсінте бар халықты,
Тілегі бір, тілі өзгелер қанықты.
“Отыраар сазын”
Ойнақтатып Мәскеуде,
Ұлтын, жұртын жер-жаһанға танытты.

Сұлу саздың ашқан сансыз ажарын,
Дүлдүл қазақ құрды ән, күй базарын.
Көне аспапты
Көк аспанға көтеріп,
Төкпе, шертпе төкті сиқыр ғажабын.

“Тілениев ұлттық алтын қазығым”,
Десем бермес тыңдар көпке аз ұғым.
“Ақку”, “Аңсау”,
“Ата толғау”, “Әлқисса”,
Жаным құштар рухани азығым.

1993 ж.

ҚҰТТЫҚТАУ

Ел орады Сізді сансыз тілекке,
Айналдыңыз ұлтты қорғар тірекке.
Сазгерліктің Ұлытауы деп білем,
Ізгіліктің отын жаққан жүрекке.

Ән мен күйің адам жанын жебеді,
Көкірек балқып үзім үнге сенеді.
Кең көсліліп сен күй тартсаң Нұр-ағам,
Тарлан тарих көз алдыма келеді.

Құттықтаймын тойлы құні төс басам,
Қаһармандық марапатқа сөз қосам:
Бақыт құсы қанатынан түсірмей,
Шабытыңыз сарқылмасын ешқашан.

1998 ж.

* * *

Өтті жылдар ән толқытып бір жүрер,
Ол құй тартса бітуші еді тың жігер.
Жарқын мінез, әзіл сөзге бай еді,
Тау қозғалса қозғалмасты құлдірер.

“Құстар әні” көкірегімде көктейді,
Ол “жаныңды женіл жанап өтпейді”.
Кейде досты қоштастырмай әкетер,
Тағдыр ісі көз алдыннан кетпейді.

1999 ж.

ТИХОН ХРЕННИКОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Сансыз керуен
Күй кешінде мығым іс,
“Құстар әні” әмбеге ортақ сырымыз,
“Тілендиев – тұнып тұрган музыка”,
Шалқар дарын, нағыз үлкен құбылыс.

1984 ж.

ШОТА УӘЛИХАНОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Күй саңлағы озық еді зердесі,
О, қазағым! Өлді деуге сенбеші.
Атқан таң мен батқан Күнді әнге орап,
Әр жүректе қалды өшпес бейнесі.

Тілге оралған іште сырым бар қанша,
Кешті ғұмыр нағыз өжет тарланша.
Нұрғисаның ән мен қүйі өлмейді,
“Жер бетінде жалғыз қазақ қалғанша”.

1999 ж.

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ СӨЗІНЕН

Кең жалғанның шын бақытты қонағы,
Құйі – мұхит,
Шалқар теңіз – мол әні.
Тілендіев десем болды көкейге,
“Ата толғау” жан толқытып қонады.

Жаса, жаса үздік туған тарланым,
Мақтан етем
ән, қүйінді ақ жалын.
Беу, Нұр-ага! Кемелдігің кем түспей,
Құрманғазы,
Тәттімбетті жалғадың.

Кей таланттың кіре бермес түсіне,
Таңданамын сансыз өнер күшіне.
Құдай саған құя салған талантты,
“бөліп берсек жетер қырық кісіге”.

1992 ж.

АДАМЗАТТЫҢ ҰЛЫ ЕДІ

Ағаны ойлап,
аңсап кетіп күрсінем,
шырт ұйқыда қүй жетектеп жүр кілең.
Өнімде де,
Түсімде де ұққаным:
Нағыз қазақ аңқып тұр гой исінен.

Ол өнердің жан аяmas құлы еді,
“Жеті мұза жүрегінде тұледі”.
Қазақ болып Алатауда туса да,
асыл тұлға
адамзаттың ұлы еді.

1999 ж.

МОЛДАШ МҰҚАТОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Жасым кәміл сексөн беске жетіпті,
Қайғы басар
қайдан табам тетікті.
Нұрғисаның “Қош” – айтысар азасы,
Бүкіл қазақ өнменінен өтіпті.

Көзі көргіш біздей көне ескінің,
Сездірмейді құлағым да еш мінің.
Хабар естіп Көкшетау дүр сілкінді,
Сексен көлдің сыңсығаның естідім.

1999 ж.

МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Ұшқан құстай,
ескен желдей сарыны,
Теңіз, дала
Нұргисаның дарыны.
“Биіктеткен бүкіл қазақ өнерін”,
Шалқар еді, ауқымды еді қарымы.

Дәлдеп айтсам: сазгерліктің тәңірі,
Оған таныс дүние-дүрмек тамыры.
Көп пернені
Он саусақпен дәл басқан,
Тамыршыны бүкіл әлем таныды.

1999 ж.

ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВТІҢ АЙТҚАНЫ

Дара туған
Нұр-ағамда арман жоқ.
Кең жалғанда бір тамсантты тарлан көк.
Бар қазакты қинаса да қазасы,
Ән мен күйін ешбір ажал алған жоқ.

Ол аспанда ұшқан құспен тілдесті,
Мың жылдық той етуші еді бір кешті.
“Жаз өмірін, мәз өмірін” ұзартып,
“Бауыр басқан” жүрегіміз бірлесті.

1999 ж.

ҚАЙРАТ БАЙБОСЫНОВТЫҢ СӨЗІ

Сезімі сұлу сазға өрнектелген,
Мол еді-ау ғаламаты тенден берген.
Күйі – аңыз,
Әні – сурет ғажап еді,
“Бір Алла өз колымен мөрлеп берген”.
Кетті ерте, әлі де көп керек еді,
Жүрекке зәмзәм болды берер емі.
– Сиқыры Нұр-ағамның туа зерек,
Телегей ақыл, ойы терең еді”.

1999 ж.

БЕКБОЛАТ ТІЛЕУХАНОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Тыншымасын, жүрек бүгін туласын,
Шырақ едің жанып тұрған нұрлы асыл.
Құлагердей пырак едің Нұр-аға,
“Енді өзіңдей білем дүлдүл тумасын”.

Қызықсам да тау беткейде мұнарға,
Қарап өстім
сіздей дара шынарға.
“Жанымызды жылтып жүрер рухын,
Алдыңыздан “жарылқасын бір Алла”.

1999 ж.

АМАНЖОЛ ҚОШАНОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Жұкса да Жамбыл ата қай батасы,
Жан еді-ау,
Дүлдүлдікке сай сапасы.
Әндері – бұл жалғанның ақиқаты,
“Күйлері – қазағымның фәлсапасы”.

1999 ж.

ҚАЛТАЙ МҰХАМЕТЖАНОВТЫҢ СӨЗІ

Тасыған өзен үн селі,
Өзінмен кетті күй кені.
Ән төресі бір тәбе,
Күйшінің болдың үлкені.
Сазгер аз сендей әлемде,
Әуезің мырза мәнерге.
Ертерек кеттің досым-ай,
“Жамбыл атама сәлем де”.

1998 ж.

БАЛНҰР ҚЫДЫРБЕКТІҢ СӨЗІНЕН

“Балғабекке ұқсамай,
Нұрғисаға ұқсадың” –
Десе маған жұрт талай,
Сазгерлікті үштадым.

“Өнердегі шын әкем”,
Алар ғибрат мол еді.
Жұрген жері – тәуекел,
Нағыз қазақ сол еді.

Тауға жетпес белендер,
Қамыс кімді қоргайды.
Ол – намысшыл кеменгөр,
Орны қайтып толмайды.

Қара жерге жанбасы,
Тисе қазақ жылаған;
Даналардың жалғасы,
Нұр-агам – нағыз ұлы адам.

02.02.2000 ж.
Алматы

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ РУХЫН БИІК ҚӨТЕРГЕН

Сал домбыра “маржан саздар табады”,
Қосылады маң табиғат бар әні.
Екі шекке
Сиып кетіп бар ғалам,
Әр пернеден құстар қанат қағады.

Ән мен күйі жан, жүректі ұйытты,
Саз тілімен аша білді тұйықты.
Құрманғазы, Тәттімбет пен Біржан сал,
“Нұргисаның қеудесіне сыйыпты”.

Сол қазына еселеңіп өтелді,
Ол кенелтті алыс, жақын жат елді.
Не десек те Тілендиев таланты,
Ұлттымымыздың рухын биік қөтерді.

1999 ж.

ЕЛЕС ПЕН КЕҢЕС

“Толдым да болдым” – демейтін,
Әр күнін жылға теңейтін.
Әруақ конған жан еді,
Аспанда құсты бөгейтін,
Қасында досты жебейтін.

“Қыз Жібек” баурап карқыны,
Нұр-агам талай шалқыды.
“Акку” күйін ол тартса,
Акқу, қаз көлде балқыды,
Жағаға карай қалқыды.

Үзім үн жайнап арайша,
Құлпышты аймақ сарайша.
Құс патшасы саңқылдап,
Телміріп қалдық малайша;
Шыдасын жаңың қалайша?!

Күмбірлеп қос ішек құс ілген,
Аумады көрген түсімнен.
Нұр-агама бір қарап,
Құдіретін, күшін түсінген,
“Ой-Алла” – деппін ішімнен.

2000 ж.

МЫРЗАТАЙ СЕРГАЛИЕВТІҢ АЙТҚАНЫ

Өзі де ұстаз,
Ұстаздарын сүйетін,
Бәріне де алғыс, бата үйетін.
Байқадамов, Төлебаев, Жұбанов,
Үшеуіне басын көптеу иетін.

Тілендиев өз ғибраты мол кісі,
Мығым еді-aу,
Терең ақыл, мол қүші.
Адам – деген ардакты атты ақтаған,
Оның биік бүкіл бітім, болмысы.

Макта досым,
 Тағы да бір макташи,
 Қосылайық мені де бір бапташи.
 Нұргисаны кім десендер айтайын:
 “Қазақ ән, қүй ол тақтағы патшасы”.

ҰЛЫ ТҰЛҒА

Жасынан көрсетпеді таланты аздық,
Женісін жете мақтап талай жаздық.
Нұрғиса
Жабайы да тым күрделі,
Шыңдаған тарлан мінез талғампаздық.

Қамықсан қанықтырар күйі сырға,
Жабықсан бөлеп тастар үні нұрға.
Нұр-ағам қатардағы сазгер емес,
Мың жылда бір келетін ұлы тұлға.

1990 ж.

НҰРҒИСАНЫҢ МЕКТЕБІ

Күй төгілтсе саз нұрына малынып,
Сал табиғат тұрар дөртке шалынып.
“Аққу күйін” тартса сахна санқылдар,
Ол мектеп қой,
Беу, өнерпаз! Қал ұғып.
Асыл ырғақ, сұлу сарын, өктем үн,
Танытады Нұрғисаның мектебін.

1999 ж.

III бөлім

Абай және Нұртса



“Менін ән өлеңін жазатын ақындардан да оны
орындаушылардан да аузымның салымы бар. Қадыр
Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Мұқағали Ман-
катаев, Оспанхан Әубекіров, Қәкімбек Салықов –
бұлардың қай-қайсысы да қазақ поэзиясында өз
орны бар үлкен ақындар”...

*Нұргиса Тілгендиев,
“Алыстан барамын жағадан”,
Парасат, №10, 1995*

ТОЙ БАСТАЙЫҚ, АҒАЙЫН!

Абай ата, қабыл ет сәлемімді,
Соқтықпалы соқпаққа дән егілді.
Егемен ел – жас тұлек, Қазақстан,
Тойға әкелді жыр күмар әлемінді.

Сен көксеген
Қазақтың бекінді елі,
Туды достық су жаңа көпірлері.
Махабbat пен парасат қызықтырған,
Келді тойға Жер шары өкілдері.

Шаттық кернеп кең дала, еңіс, белді,
Фибрат сөзің жаңаша жеміс берді.
Алты алаштың бас қосып ардақтысы,
Түркі тектес бауырлар тегіс келді.

Ресейге білетін тұнғыш шерді,
Татар бауырым қосылып тың күш берді.
Ортасында әлемге әйгі қырғыз,
Аты мәшіүр
Айтматов Шыңғыс келді.

Абайы бар қазақты қастерлеген,
О, меймандар! Құн құтты кең төрлөгөн.
Алғысымды ал “Сыйға – сый, сыраға – бал”,
Өн мен күйім жаңғырсын көкке өрлөгөн.

Уа, данышпан! Қарышта, құз қыраны!
Жарқырасын парасат ізгі ұраны.
Бар әлемнің айтулы әншілері,
Күйшілері бұл тойды қыздырады.

Тау сілкінтіп, жер жайнап, қағылып қыр,
Ашық аспан, нұрлы құн табынып тұр.
“Отырап сазы”
Жасайды той бастауын,
Сұлу саздың үнінен ағылып сыр.

АБАЙДЫҢ ЕЛІ – БАР ҚАЗАҚ

Толағай шолып барласақ,
Торқалы тойды қамдасақ.
Семейде Абай туса да,
Абайдың елі – бар қазақ.

Дербестік алсам тең тұрып,
Айқарам құшақ кең жүріп.
Абайдың елі – Алты Алаш,
Абайдың елі – Ер Түрік.

Ұлагатты құні ұлы істің,
Шарықтап, шалқып тырыстым.
Қазақ боп Абай туса да,
Данасы бүкіл Шыңғыстың.

Тұгендер бұта, бауымды,
Шақырдық дос пен бауырды.
Мейман етем Жер шары,
Өкілі болар қауымды.

Есейді қүшім андасақ,
Елдігім өсті барласақ.
Семейде Абай туса да,
Абайдың елі – бар қазақ!

1995 ж.

АҚЫНДЫҚ ПАЙҒАМБАРЫ АБАЙ АТА

Әні Нұргиса Тілендиеевтікі

Ақындық пайғамбары Абай – Ата,
Айтқаны ақыл, кенес, әрі бата.
Осылай Жамбыл атам бағалапты,
Сыр шертіп, жыр төккенде ағындана.

Қайырмасы:

Ақындық пайғамбары Абай – Ата.
Өлендей қара сөзі жарасымды,
Терен ой өтті кешіп сан асуды.
Білмейді заты қазақ өнерпаздар,
Абайлық дана жолдан адасуды.

Қайырмасы.

Деместей тірі пенде қалай ұғар,
Нұрлы сөз жан саураған арайы бар.
Қазағым шын бақытты ел еken гой,
Патшасы ақындықтың Абайы бар.

Қайырмасы.

1992 ж.

СЕНСІҢ ЕЛ ДАНАСЫ

Салдың сөз сарайын,
Пайғамбар – пенде боп.
Екінші Абайым,
Әзірше елде жок.
Ойлы сөз сан алуан,
Айтылды қаншасы.
Ақын боп жаралған,
Сенсің ел патшасы.
Фашықпен тілдесіп,
Сырлассаң мұң артып.
Жас ұрпак бірлесіп,
Үндесті құмартып.
Туар – деп сендірген,
Махаббат Күн, Айы;
Өзіңсің мен білген,
Ақындық құдайы.
Ерекше санасы,
Сенсің ел данасы.

Данышпан ақынным,
Кеменгер ойшылым.
Сарқылмас ақылын,
Таусылмас мол сырың.
Тік сілтеп өтіпсің,
Дәл түсіп қармағын.
Түгендеп кетіпсің,
Бар қазақ арманын.
Шын сұлу, шын гажап,
Асыл сөз еккениң.
Өтіпсің сен жасап,
Ақындық мектебін.
Көп зерлеп, кен айттың,
Ұлықтан ұрланбай.
Бәрін де сен айттың,
Біздерге дым қалмай,
Ерекше санасы,
Сенсің ел данасы.

ӘЙГЕРІМНІҢ АЛҒЫСЫ

Өні *Нұргиса Тілендиевтікі*

Жұлдыздар көкте жанғанда,
Бұлбұлдар әнге салғанда.
Биледі бойды қуаныш,
Серттескен жерге барғанда.

Таңсығын жүрек тапқанда,
Үмітім шырақ жаққанда.
Тар құшакта көз тақап,
Құлшындым шарбат татқанда.

Аялап сүйіп алғанда,
Тынысы көкірек жарғанда.
Балқыдым, күйдім, өртендім,
Жеткендей жаным арманға.

Мезетте сүйіп мақтаған,
Тенеу жоқ дәлдеп таппаған.
Шығып та кетпей шыбын жан,
Құдайым қалай сақтаған.

Рахаттан құшақ талғанда,
Ләzzатқа құмар қанғанда.
Асқақтап, шалқып, әндettім,
– Махабbat бар! – деп жалғанда.
Ұшырдым толқып жан құсын,
Абайға жүрек алғысын.

1994 ж.

ӨМІР МЕН ӨҢІР

Арқат тау етегі,
Ақ селеу, ақ қаудан.
Желбіреп өтеді,
Сыры көп жатталған.

Шыңғыстың көп шыңы,
Алыстан қамалап.
Қинайды ел мұны,
Жүргегін жаралап.

Қазақтың данасы,
Өң берді өнірге.
Жетектеп санасы,
Зер салды өмірге.

Өзін құл санайды,
Өленге жегілген.
Көз емес, қарайды,
Көзі ашық көңілмен.

“Тасөркеш” көрінді,
Тоғжанның қыстауы.
Ерке наз төгілді,
Жайнап жер пұшпағы.

Сарқылмас тұнжырау,
Қам көңіл оңа ма.
Әйтпесе, шіркін-ау,
Ол Абай бола ма?!

1992 ж.

ӘЙГЕРІМДІ КӨРГЕНДЕ

Салған әні ақ қайнар көңілді екен,
Бейтаныс жан санай ма мені бөтен.
Тоғжандай толқытты әуелетіп,
Не де болса, тәуекел, көріп өтем.
Ай-хай, арман! Ақ мандай елік екен,
Пай, пай, шіркін! әй ... керім екен.

Ақшоқының нәр алып самалынан,
Сезім женді бойымды сан алуан.
Тостаған көз Тоғжан секілденген,
Есім кетті жарқ еткен жанарынан.
Шұкімән қызы санай ма мені бөтен,
Пай, пай, шіркін! әй ... керім екен.

Көк тұманға бойлаған кешкі желдей,
Талмауратты мас көңіл көпті көрмей.
Әуелетсе бұраң бел жалт қараймын,
Тоғжан салған таныс ән естігендей.
Ай-хай, арман! Көз тоймас көрік екен,
Пай, пай, шіркін! әй ... керім екен.

1995 ж.

ӘЙГЕРІМНІҢӘНІ

Әні Нұргиса Тілендіевтікі

Қызығып жерге Ай туды,
Сызылып өзен, сай күлді.
Үздігіп бұзбай аңтымды,
Абайым, – деймін, – Абайым.

Көрмесе болып шерменде,
Сағынып аңсап келгенде.
Ырқына көніп ергенде,
Абайым, – деймін, – Абайым.

Төгіліп сөздің сарасы,
Ән болып көздің карасы.
Жазылып жүрек жарасы,
Абайым, – деймін, Абайым.

Өрбісе өсек жаласы,
Сөнбеуін жатқа қараши.
Адамның асыл данасы,
Абайым, – деймін, – Абайым.

Шарбатқа елтіп күлемін,
Ләzzатқа балқып түледім.
Алладан жалғыз тілегім,
Абайым, – деймін, – Абайым.

Жүрекке сәуле құйылып,
Тағдырдан бақыт құйдырып;
Ішімнен үнсіз сыйынып,
Абайым, – деймін, – Абайым.

1992 ж.



Нұрғиса Тілендиев

Ән туған сәрге...





Нұрғиса және ол құрган "Отырыр сазы" оркестрі



Ұлы өнер иесіне қойылған ескерткіш

Нұрғиса Тілендиевке қойылған ескерткіштің
ашылу салтанатынан кейін





Нұрғисаның қызы Дінзухра өзінің тұңғыш туындысын
орындау үстінде

Ақын Тұмандай Молдагалиев.
Ескерткіштің ашылу салтанатында



ЕРКЕ БАЛА

Әні Нұргиса Тілендиеевтікі

Аспанда самғап қалықташы еркем,
Жалықпаши жетсең ғарышқа.
Абайдай асқақ шарықташы еркем,
Еркеле, жүрсөң де алыста.

Қайырмасы:

Еркелеші маған,
Еркелетсін заман.
Жұлдызым ертөрек жайнасын,
Еркелеші күнге, еркелеші гүлге,
Еркелік жоғалып қалмасын.

Болмасын еркем, болашағың сараң,
Сарғайтпасын арман жоғалып.
Бұйырсын ұшқын Абайлықтан саған,
Қазақшыл әуендер оралып.

Қайырмасы.

Дүлдүлдер өтер өршеленіп өрден,
Ұмтылады төрге бесіктен.
Күтемін сені қиялдаған жерден,
Өкініш өртейді кешіксөң.

Қайырмасы

1992 ж.

АБАЙ ӘНІ

Абайдың әні – ай-аспан,
Арайлы таңның алауы.
Жөн сілтер жолда адассан,
Махаббат мәңгі жалауы.

Толқытар қашан таныссан,
Мейірбан дана жылылық.
Сүйіскең жүрек табысқан,
Абайдың әні – сұлулық.

Артықтау көріп бәрінен,
Ұлағат таптық ұлыдан.
Нәр алдық Абай әнінен,
Жаралдық Абай жырынан.

Көргендей парыз зор міндет,
Әуенін әжем сақтаған.
Абайдың әнін білсін – деп,
Жасымнан анам баптаған.

Абайдың әнін әр сұлу,
Өзіне балап бұлдайды.
Аспанға симай Ай сұлу,
Айдында жатып тыңдайды.

Саябыр іздең санамыз,
Қажыған кезде қалжырап.
Саялы гибрат табамыз,
Сабыр қыл – деп азырақ.

Немереме Абайдың
Үйреткен күні бір әнін,
Әл бергендей арайлы үң,
Құмарым тарқап тынамын.

1995 ж.

ҚАЙРАН ҚАЗАҚДАНАСЫ

Ойы білгір,
Жолы ділгір,
Ашық еді-ау санасы.
Елді ойлады,
Жерді ойлады,
Қайран қазақ данасы.

Еміренді,
Тебіренді,
Шекті қанша қасірет.
Шар тарапты,
Жалт қаратты,
Айтты ақыл, өсиет.

Жаны жара,
Сөзі дара,
Бойындағы салт баска.
Міз қатпаған,
Тіл қатпаған,
Көңілі қалды жартасқа.

Мыңмен жалғыз,
Жасап тартыс,
Қайран дана зар қақты.
Көрген сұмдық,
Терген шындық,
Шешім таппай шаршатты.

Дербестігім,
Ел кескінін
Түзей алсақ қалайда
Шын түсініп,
Бір күрсініп,
Аунап түсер Абай да.

1995 ж.

ҚОРҚАМЫН

Шаш ағарып,
Жас ұлғайса шошыған,
Мен емеспін зар қағатын қосып ән.
Қорқатыным... Қайран қазақ тағдыры,
Үрейлі азап сығалаған қосынан.

Ел тонағыш
Есерлерден қорқамын,
Шен сайратқан шешендерден қорқамын.
Ойдан, қырдан ойран салған төріме.,
Қара ниет кеселдерден қорқамын.

Жаным сүймес
Жұмбақ сөздің жортағын,
Екі көзім көрген істі қортамын.
Бүкіл қазақ болмасын – деп осындай,
Көшедегі қайыршыдан қорқамын.

Болжамаган тар өткелдің сортанын,
Жолықпасын қайран елге сор қалын.
Заты қазақ зәре, құтын қашырған,
Сайқымазақ данғазадан қорқамын.

Қараң қалған аландардан қорқамын,
Құлқы тоймас сараптардан қорқамын.
Айдал салған елді ру-жыруға,
Залым, кесел, арамзадан қорқамын.

Тұлқі жортақ түрленгеннен қорқамын,
Тайралаңдаш жүргендерден қорқамын.
Асыл арман дербестігім жасқантып,
Күле кіріп күніренгеннен қорқамын.

Ауыздардан тұзы өртеген тортаның,
Жасқаншақтай шығармаймын шорқақ үн.
Шырылдаған шындық сырын айтпауга,
Абай ата аруағынан қорқамын.

1995 ж.

ТЕНТЕК ОСПАН

Той-думанда Тобықты еткен дастан,
Құнанбайың баласы тентек Оспан.
Жұрт жоқтаса Қодарды жылап-сықтап,
Ол “Ойбай” – деп Абайды бірге қосқан.

Қақпақылмен үлкенді үңілтеді,
Шақпа тілмен кішіні бүгілтеді.
Томпаңдатып тоқалдан туғандарды,
Тазы көрген қояндай жүгіртеді.

Жігітке өш тұздығы татымаған,
Тартып туған әкеге батыл адам.
Қалыңдыққа баарда айтқаны бар:
“Қалыңдығы құрысын, қатын алам”.

Құласа да балшиқ жол шалшиқтанып,
Қағып түсер аяқтан тартып қалып.
Адайсың ба, әлде сен Абайсың ба?
Оздырмайды кеткенді артықтанып.

Еркелетіп өзіндей елге қосқан,
Серігі көп тентектің өрде тосқан.
Қызға қырғын, құрбыға сүргін тисе,
Қырғи болып көрінді тентек Оспан.

Ерсі қылық көрсетіп етпес селтек,
Есер емес, ол тапқыр есті тентек.
Өсе келе әйгілі Оспан болған,
Тентектердің тексіз нағыз еркек.

Бөлтіріктің білінсе қасқырлығы,
Таза тартыс, көрінбес “басқа ұрлығы”.
Қайдан? – десен түбірі сол мінездің,
Жүрек жүтқан жігіттің тасқындығы.

1992 ж.

ДАНАНЫҢ ТАМШЫ КӨЗ ЖАСЫ

Әні Нұргиса Тілендіевтікі

– Сұмдықты байқап, жаныма қонды наз алау,
Қиямет екен бейкүнә жанды жазалау.

Қара атанға қылқынтып, теңдеп өлтірген,
Қодар мен Қамқа ожардан көп, көп тазалау, –

Деп тұрды Абай көргенде озбыр мазакты,
Тынбады жаза, халыққа обал жасатты.

“Пәлекет кет!” – деп, жасқана қарап
Жексен шал,
Жақынын қыып, Қодарға кесек тас атты.

Толқыды Абай көзіне моншак толғандай,
Саясат сондай, әрекет тапсын ол қандай.
Жендеттей көріп, Жексенді түйді желкеден,
Құнанбай сілтеп, өлтірген осы болғандай.

Атына мінді, қалмады көптің қасында,
Көрмеген болды шайқаған әке басын да.
Балалық шақтан, даналық жаққа жол салған,
Жаныпты шырақ жарқ еткен көздің жасында.

18.05.1993 ж.
Алматы

АБАЙ ӘНІН ҚЫЗ АЙТТЫ

Мөлдір, таза көктемде,
Көк көрпелі бөктерде.
Ақтардың жан тілегін,
Жүргегім жылып кеткенде.

Көп шыдауға қалжырап,
Сүйгім келсе қазір-ақ.
Абай әнін қыз айтты,
Сабыр қыл-деп азырак.

Сүйдім шәрбат тарады,
Көзіне моншақ тамады.
Қуаныштың хабары,
Мың әуреге салады.

Көп шыдауға қалжырап,
Құшақтар ем қазір-ақ.
Абай әнін қыз айтты,
Сабыр қыл – деп азырақ.

Болды аймаққа жария,
Қос жағалы дария.
Қолқа салдым сұлуға,
Құрайық – деп жанұя.

Көп шыдауға қалжырап,
Қосылар ем қазір-ақ.
Абай әнін қыз айтты,
Сабыр қыл – деп азырақ.

1996 ж.

ӘЛҚИССА

Сұлу Көкше, өр Алатау арасы,
Бәрі тұтас қазақтың кең даласы.
Ұлытауы қанат жайған жан-жаққа,
Атырау, Алтай жалғасуын карашы!

Қайырмасы:

Түркі тектес тіліміз,
Қаз дауысты үніміз.
Тайталасып тағдырмен,
Есен қалдық тіріміз.
Әлқисса, біз қазақпыз!
Құтты болсын, азатпыз!

Бар сырымды байқа іңкар көзімнен,
Жарқ етеді ақ боталы боз інген.
Сұңқар сүйгіш, тұлпар сүйгіш халықпыз,
Кең даласын Алтын Орда сезінген.

Қайырмасы.

Дархан дала, байтақ ата мекенім,
Ұлы дала – деп мақтаныш етемін.
Сыртқы жаудан, ішкі даудан сақтасын,
Сонда азатшыл арманыма жетемін.

Қайырмасы.

АБАЙ ЖӘНЕ ГЕТЕ

Адамзаттың заңғары Гете биік,
Киелі ұғым есімі кетеді үйіп.
Ғұламалық өресі зор ақынға,
Поэзия төрі тұр жеке тиіп.

Гетеліктің таусылмас сыры қалың,
Ол – ізгілік тәнірі бір ұғарың.
Фауст болып арыстан Айға шапқан,
Әрекетін еске алсам шынығамын.

“Қараңғы тұнді”,
Абайдың қалғытқаны.
Ол – әлемді тебіренткен нарды ұққаны.
Сабыр ет – деп отыrsa өзді өзіне,
Екі дана бір дертке шалдыққаны.

Бір сөзінен Гетеңін мың сыр алып,
Абай әнін жүз айттық, мың тыңдадық.
Өзегінен өткенде мұн мен нала,
Көңіл ашар мәңгі үміт гүлгүл жанып.

Парыз жүгі тебіренбей өтеліп пе,
Бастасаншы қыл қалам, төтелікке.
Аскарала аманат, ғаламат бар,
Абай атам ұмтылса Гетелікте.

О, тәңірім! Асылдан есе тигіз,
Жас ұрпаққа жан сырын жете білгіз.
Абай – атам әр ісі қасиетті ғой,
Бізді үйретіп, болыппыз Гете сүйгіш.

07.07.1997 ж.

СОҢҒЫ ТАС

Сұмдықты байқап
Жаныма қонды назалау,
Қиямет екен бейкүнә жанды жазалау.
Қара атанға мінгізіп, корлап өлтірткен,
Өсекшіл сұмнан
Қодар мен Қамқа тазалау.

Деп тұрды Абай
Көргенде азап, мазакты.-
Жармасақ тірлік
Жалтаққа обал жасатты:
“Пәлекет кет!” – деп, жасқана қарап
Жексен шал,
Жақының қыып, Қодарға кесек тас атты.

Тым жас қой әлі
Шыдамас жылдам толғанбай,
Саясат осы. Әрекет етер ол қандай.
Жеркеніш билеп, Жексенді түйді желкеден,
Құнанбай сілтеп өлімге себеп болғандай.

Атына мінді,
Қалмады көптің қасында,
Көрмеген болды шайқаған әке басын да.
Балалық шақтан даналық жаққа жол салған,
Жарқ етті шырақ мөлт еткен тамшы
жасында.

Лықсып, толқып,
Толтырып кетті көзді жас,
Дүние көркі тез бұзылып болды лас.
Елесі кетпей түршіктіріп денесі,
Жексеннен жетіп, Қодарға тиген соңғы тас.

1993 ж.

ТОҒЖАННЫҢ ХАТЫ

Жаным құштар жан едің жер бетінде,
Сенің қайғың ізі бар келбетімде.
Жасыбайдан алыстал кете бардым,
Толқындарын қиғандай шерлі етуге.

Мың құн сынбай, ку шөлмек бір құн сынды,
Қара судай тұнғызық білдім сырды.
Есіркеуге шақырма, үміт артпа,
Есі бар жан білмесін біздің мұнды.

Қапа шектім өмірден көңіл қайтар,
Сана жетті бізге де негіз байқар.
Домбырамның қос ішегі үзілген жоқ,
Досым сол ғой тартқанда шерім тарқар.

Қай себеппен тағы да жолығасың,
Жолықпауға көндікті сорлы басым.
Қара қылды аттауға әлім келмес,
Сол көзімді оң көзім қорығасын.

Көп мәніс бар алланың бұйрығында,
Ыстық жасын екі көз құйды құмға.
Фашығы едім Абайдың деп өтермін,
Риза болып, тәнірімнің сыйлығына.

1993 ж.

“АЙТТЫМ СӘЛЕМ ҚАЛАМҚАСТАН” БАСТАЙМЫН

Жігіт қызға өле ғашық тіл қатты,
Үміт артқан жан тілегін тыңдатты.
Олар үшін ән табылmas әлемде,
“Айттым сәлем Қаламқастан” қымбатты.

Осы емес пе... сазды, назды сурет,
Сөз сарасы – жүрек жалғар құдырет.
Аймалаши аясында сол әннің,
Қайталашы, тым болмаса бір рет.

Айдын көлде теңселгендей нұрлы ағын,
Қайран көңіл тапсын көңіл құндағын.
“Қаламқасқа” сәлем айтқан әуеннен,
Екі ғашық түзеп алсын ырғағын.

Баппен бастап, баяу шырқап қараши,
Тез табылар қаяу көңіл дауасы.
Махаббаттың ән ұраны осынау ән,
Десең болмас кәрі, жастың таласы.

Ән сал – десең кідірмеймін, саспаймын,
Онсыз қайтпас жастай ынтық бар қайғым.
Жан қызыуын, жар қызығын жеткізген,
“Айттым сәлем Қаламқастан” бастаймын.

1993 ж.

ҰЛЫЛАР ҰСТАЗ СЫЙЛАҒАН

“Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлай уайым жеп айтқанмын...”

Абай.

— Ақымақ дана болмас төрлегенмен,
Қорқактан батыр шықпас ер” дегенмен, —
Депті Абай бар шындықты айтып өтем,
Қас, дұшпан қарсы қылыш сермегенмен.

Патша да тілін кеспес дөп айтқанның,
Дөп айтсам сөз қадірін молайтқанмын.
Бәрі де сенің зарың қайран елім,
Өзімді ойлар күнді жоғалтқанмын.

Алдында арыстарды кемітпеймін,
Жөн табар елде асылға елікпей кім?
Жақынды — жат қылмандар,
Жансақ ұғып,
Өлең — жыр ірге тасын беріктеймін.

Даланың данагейі Бұхар-жырау,
Қақ төрде Абылаймен қатар тұр-ау.
Ол біздің қара қазақ қамқоршысы,
Ханға да отты тілмен салар бұғау.

Шортанбай, Дулатқа да қадалмаймын,
Біріккен имек жолда адап қайғым.
Есті жыр ел мақсатын көп ойлантып,
Дертіне қара бастың қамалмаймын.

Молайса үлкендермен ырысымыз,
Оларсыз өнбес бүгін бір ісіміз.
Кем жерін кешегінің сөз етсек те,
Тірліктің түбін ойлар інісіміз.

Келгенде елге қыспақ жан жағынан,
Мен неге сөз қудалап жай шабылам.
Даналар ойлап өтті елдің қамын,
Жетілдім, жебеу таптым әруағынан.

Күлмедім қонды ғой деп қолға бақыт,
Жүрмедім таққа талас ордалатып.
Бір күні ажал оқыс әкетсе де,
Жатырмын қара жерде ойға батып.

1993 ж.

ҚҰДАЙЫМ ДЕСЕМДЕ

Абайдың сөзінде,
Ұлылық ұйып тұр.
Ойлы ақыл, сезімге,
Бар мұнды сыйып тұр.

Сыр шекті ұлғатты,
Сара сөз – мәрімен.
Тақ-тұғыр ол тапты,
Ақындық төрінен.

Бас ием көсемге,
Толтырған толмасты.
Құдайым десем де,
Артықтау болмас-ты.

Салтына анық зар,
Сан үрпақ ұласты.
Мұхтардай алыптар,
Абайсыз тумас-ты.

ТОҒЖАНМЕН КЕЗДЕСҮ

Қайда екенсің бұл күнде Тогжаным,
Мен қамалдым қайғыға сорым қалын.
Аңсау-сусау азғанда азабының,
Шырт үйқыда бейнеңмен жолығамын.

Махаббаттың дертіне не қылайын,
О, тәнірім кездестір деп жылайын.
Күтпес жерде көргенде жан шыдатпай,
Дей беріппін “жарылка, бер құдайым!”

Дәру таптым лебіңін самалынан,
Сезім жеңді бойымды сан алуан.
Үсіп келген аязға бойым қызды,
Қуат алдым мөлт еткен жанарыңнан.

Ғашығым-ай, тым ауыр кеселді алдың,
Сағынышқа булыққан есемді алдым.
Бір көрудің қызығы осы екен ғой,
Көп жасармын иншалла, есен қалдым.

1994 ж.

СЫРЫМДЫ АЙТСАМ АБАЙША

Өзімшіл әкім,
Білсендер затын,
Қалтасын мықтап толтырар.
Естіні байлап,
Есерді сайлап,
Ерпейген кімді ондырар.
Тұсінер осы мән-жайға,
Жүргегі таза жан қайда.

Кебенек келді,
Керанау женді,
Ел ортақ іске ебі жоқ.
Ниеті зұлмат,
Бағасы қымбат,
Өзгені қайтсін өзі тоқ.
Алымқор, жемқор сертінен,
Қайтпайды ол ескі дертінен.

Бұзылды сәнім,
“Қайнайды қаным”, .
Ол жүр ғой шенге кенеліп.
Жинатпай есті,
Жас әкім бөсті,
Мақтауға бекер бөленіп.
Қайғырмаймын мен неге,
Екі өмір жоқ қой пендеге.

Жөптеуші тым көп,
Жөнделген дым жоқ,
Жұқпалы көрдік індетті.
Ақылы қайда,
Таппай ма айла,
Ақтарып алған міндетті,
Ұнамай ма, ұнай ма?!

Жетсінші даусым құдайға.

Қанаты талмас,
Қармақта қалмас,

Айқаста тұған адаммын,
Жұдеген ауыл,
Жұқарған қауым,
Қолына түсті наданның.
Келеді борыш актағым,
Әділет жолын сактағым.

Ақындар үнсіз,
Шешендер тілсіз,
Өтеді-ау мінсіз ойқастап.
Демесін өлді,
Кұлыққа көнді,
Көреін жөнді ой тастап.
Сабырмен айтып шактадым,
Басқаша амал таппадым.

1994 ж.

САЛШЫ, ҚАЛҚАМ, ТАТЬЯНАНЫҢ ӘНІНЕ

“Татьянаны Абай кейде Тәтіш дейтін”

Әсем.

“Махаббаттың құлыш жас пен кәрі де”,
Сұлулыққа бас иеді бәрі де.
Толастасын, сағынышым азайсын,
Салшы, қалқам, Татьянаның әніне.

Шырка, айтар арызым бар аңсаған,
Сүйіп едім, сүйемін деп жар салам.
Жетті бойға ғашықтықтың зар, уы,
Дерпті жүрек дәрү тапсын шаршаған.

Жаным жадау, мен пендемін мұн артқан,
Қайта оралмас кешегі өткен күн арттан.
Салшы, қалқам, Тәтіш қыздың әніне,
Жарқ өткендей ак дидары құмартқан.

Қайталашы, әсем, сұлу ырғағын,
Бір шайқалсын тұнып жатқан сыр қалын.
Үзім үнің аумайды екен сол қыздан,
Келіп отыр, қайта-қайта тыңдағым.

Еске алайын балғын шақты маужырап,
Көп қинама қамыққанда хал сұрап.
Салшы, қалқам, жаным құштар ырғаққа,
Сағыныштан отыр едім қалжырап.

Кербез әннен бойға ұшқын тарады,
Әсем саздан жетті аңсаған хабары.
Салшы, қалқам, Татьянаның әніне,
Ғашығыма көзің ұқсап барады.

1995 ж.

ДАНАЛАР СҮЙГЕН ЕСІМДЕР

Қазакта есім аспас Әйгерімнен,
Мін тапсын кербез қыздың қай жерінен.
Көргенде Шүкімәнді Абай атам,
Көзіне елестепті Ай керілген.

Орыста Татьянадан есім аспас,
Құдайдың сүйген құлы тегін баспас.
Қазакта Тоғжан – деген ат тамаша,
Екеуін мен өзімше көрем аттас.

Пушкиннің таңданғаны Анна Керн,
Жан еken артық туған ару керім.
Абайдың Тоғжаны секілденіп,
Тең бөлген махаббаттың мұң мен шерін.

Көргендей қиял-ғайып шың белесін,
Ұрпакқа сабақ болар бұл кеңесім.
Адамға нұрын шашып тұрады еken,
Falамда данышпандар сүйген есім.

1998 ж.

ҚОСЫЛАЙЫҚ “КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫНА”

Абай әні шалқыған айдынымыз,
Айтып, айтып басамыз қайғыны біз.
Қосылмасақ “Көзімнің қарасына”,
Қызық өтер тойлы ауыл қай күніміз.

Елтіп, балқып, тебіреніп емделеміз,
Дерт жұдеткен жүрекке дем береміз.
Тоқсан өлең бір кеште шырқасақ та,
“Абай әнін айттайық” – дей береміз.

“Санасты – деп – көңілімнің” салайын ән,
Жел сөзі көп жасқанба ағайыннан.
Тоғжаннан аумаған Әйгерімдей,
Айналайын ақ маңдай арайыннан.

Асыл әнге баурасаң ансағаным,
Бала қүндей кол созып қарсы аламын.
Қосылайық “Көзімнің қарасына”,
Сағыныштан басылсын шаршағаным.

1995 ж.

ПУШКИН МЕН АБАЙ ҚҰМАР ЖАН

Мен бір пенде шексіз керуен мұн артқан,
Сенсің сонда мың катерден шығартқан.
Салшы қалқам, Татьянаның әніне,
Сүйсінейін дидарына құмартқан.

Еске алайын жас күнімді маужырап,
Уақыт өтер, көп қиналма хал сұрап.
Талмауратшы Татьянаның ырғағын,
Сағыныштан отыр едім қалжырап.

Айтылмаған арыз назым бар саған,
Сүйіп едім, сүйемін, – деп жар салам.
Қандай жақсы сенің барың әлемде,
Бір мені ойлап Татьянадай ансаған.

АБАЙТАНУ ҮЗІМІ

Күнірентіп кейде күрсінген,
Бір жылап, шапшаң қайтудан.
Бастады-ау, сөзін Абайым,
Өз мінін өзі айтудан.

Сұймеді жортақ маймақты,
Сөз семсер жүзін жайнатты.
Тобықтыда ез көрсе,
Тобықтан соғып жайратты.

Мыскылдың айтты төтесін,
Көрсетті сынның көкесін.
Жотасы қалың дәкейдің,
Соққыға салды шекесін.

Білмеді елді жіктеуді,
Қалмады мұны бүктеулі.
Қайыспас қанша артсан да,
Қара нар белі жүктеулі.

Дербестік алса ел бүгін,
Абайды тыңдар келді күн.
Өзіңнен баста ұлықтар,
Түзетем десең ел мінін.

1993 ж.

ЖИДЕБАЙДАҒЫ КЕМПІРҚОСАҚ

Жаңбыр өтті...
Қырдан асып үлгерді,
Бұлтсыз аспан әудем сәтте түрленді.
Қара бұрым, күміс шолпы тағынған,
Жамылды ма сұлу үлде, бұлденді?!

Кемпірқосақ – жеті жалау тамаша,
Желбіреді сыр ашқандай жаңаша.
Тұрды Абай...
Сал табиғат тілдесіп,
Баяу жайнап ояу көзбен қараса.

Назар салды,
Ақшыл, қызылт, жасылға,
Көп үнілді көзі көкшіл ғасырға.
Жеті жолақ, жеті тармақ жыр төкті,
Жүректегі жеті толқын асырға.

Осындайда ой түспейді не түрлі,
Толғандырды бойдан тағат кетірді.
Елестейді...
Тоғайды өрлеп Тоғжан,
Абайды іздеп бара жатқан секілді.

Аспан-көктен
Үнсіз сұхбат құрасып,
Тау аралап көкірегі қыр асып,
Тұрды дана...
Кербез дала, кең аспан,
Зарлы жүрек бар әлемнен ұласып.

Жеті өрнек жатты қолмен өргендей,
Құлақасты көк аспанды белбеулей.
Тұрды Абай...
Құшақтасар кездесер,
Сәтті сағат құтты жолын көргендей.

1995 ж.

АБАЙДЫҢ ТАБИГАТПЕН ТІЛДЕСКЕҢІ

Орман, тау алыстан,
Қол созса тілдесіп.
Отырды данышпан,
Жер-көкпен бірлесіп.

Айтпайтын әркімге,
Ажарлап маңызын.
Ақтарды Ай, Күнге,
Ішкұста арызын:

– Алтын Күн аспанда,
Мен жүрсем сен болып.
Төгер ем әр жанға,
Сәулемді тең бөліп.

Мың келіп тәубаға,
Қисам да жан үзім;
Жетсінші Аллаға,
Арналған арызым.

Айтармын кімге дау,
Елде оңған тұрмыс жоқ.
Бір қазақ тумады-ау,
Ескендір, Шыңғыс боп.


Маң дала шайқалды,
Өткен соң Абылай.
Ақ патша айқарды,
Адам – деп танымай.

Тайғақ жол шырғалаң,
Жан едім шаршатқан.
Құтқаршы, қу заман,
Шен, шекпен, мансаптан.

Тік сөйлеп, сақ жүріп,
Өлеңмен өтермін.

Дерт пен серт күйдіріп,
Өртеніп кетермін.
Асау жел дамылдап,
Жер тыңдал досындай.
Абайдан табиғат,
Наз ұқты осындай.

1995 ж.



ТОҒЖАННЫҢ НАЗЫ

Жан жарың едім,
Сен барым едің.
Қас, дұшпан бізден,
Алды бар кегін.

Бәрі де бекер,
Татқан бал шекер.
Жүректің дерті,
Шипасыз өтер.

Көңілде түнек,
Сөнді асыл тілек.
Маза бер жаным,
Тоқтап қал жүрек.

Алыстап арман,
Қанатым талған.
Көрінді аңдай,
Адасып қалған.

Арманым едің,
Мен барың едім.
Өтермін аңсап,
Біткенше демім.

1995 ж.

АБАЙ НАЗЫ

Бір кызығым шектелді өмірдегі,
Одан артық көкseyді көңіл нені.
Ләzzат, рахат, бакытym алшақтады,
Өткен уақыт қайыра шегінбеді.

Атқан таңдай нұр шашқан,
Тоғжаным...
Торы қалың тірлікten торығамын.
Талмаураған құшақтап аш белінен,
Енді қашан...
Жаным-ау, жолығамын.

Ақку кетіп айдынға құрақ толды,
Саған жетер кім болжар ұзак жолды.
Бөтен елге сен кетіп,
Мен қалғаным,
Еңлік пен Кебектен ұят болды.

Кеш анғардым
Тағдырдың шерлі еткенін.
Бекерленді бекініп ер жеткенім.
Тастап қана кетпеппін,
Бір сен үшін,
Билік берген беймаза шен, шекпенін.


Жылдар жылжып барады ескен желдей,
Ауырлады алда күн,
Кетсөң келмей.
Қамыс басы селк етсе жалт қараймын,
Сенің шолпы сыңғырың естілердей.

Сұлу қайда тап сендей шырайы күн,
Әурең болдым.
Faфу ет кінәлімін.
Жасканғанша,
Жан қызып кетсем етті,
Құшағында махабbat құдайының.

Тұс көрсем де сені ойлап санам толып,
Жат жүрттықты жасырын барам шолып.
Бір кездесу болар деп үміттенем,
Есен жүрсем жер басып адам болып.

Көкірек толы
Көк теңіз – күйік екен,
Кешкі ауылдың шығып тұр үні бөтен.
Дәм-тұз жазбай
Амалсыз айрылсақ та,
Көз жұмғанша мен сені сүйіп өтем.

1993 ж.



БІР ҚУАНАР АБАЙ Да

Ойы білгір,
Жолы ділгір,
Ашық еді-ау санасы.
Елді ойлады,
Жерді ойлады,
Қайран казак данасы.

Айтты сырын,
Төкті жырын,
Барша ақынмен жарысып.
Шар тарапты,
Жалт қарәтты,
Мыңмен жалғыз алысып.


Жаны жара,
Сөзі дара
Салды қайғы салт басқа.
Міз бақпаған,
Тіл қатпаған,
Көңілі қалды жартасқа.

Төрде содыр,
Елде тобыр,
Сөзін ұқпай зар қакты,
Көрген сұмдық,
Терген шындық,
Жол барлатпай шаршатты.

Дербес күнім,
Ел кескінін,
Түзей алсақ қалай да,
Шын жұбанар,
Бір қуанаар,
Тұсер аунап Абай да.

1995 ж.

Әндең



Нұргиса Тілендиеевке

Өні Мынжасар Маңғытаевтікі
Сөзі Кәкімбек Салыковтікі

Алматыда асыл ағам бар менің,
Қарандаршы құштарлықтың пәрменін.
Алты алашты қүйге бөлеп бір өзі,
Тербетеді тасқындастып ән селін.

Қайырмасы:

Әрі шындық,
Әрі сиқыр, әрі аңыз.
Әннен шуақ,
Күйден шуақ,
Күйден жұмак табамыз.
Бірнеше жұз
Қызы-бозбала қасында:
Ағамызды ерке Сері санаңыз.
Ол кім десен осынау саңлақ нұрлы абыз,
“Отырар сазын” қайта, қайта тыңдаңыз.

Жаны дүлдүл қажу білмес тарланым,
Дархан тірлік құймен айтқыш бар мәнін.
Көкірекке сұлу сазы нұр құйса,
Тыңдаған жан аялайды арманын.

Қайырмасы.

Әнін шырқап, аққу, қазы даланың,
Көркейтеді саржайлауын сананың.
Бүкіл елді бір ыргақпен билеткен,
Қандай қызық еркелігі дананың.

Қайырмасы.

БҮКІЛ ӘЛЕМ ЖАН СӘУЛЕМ БОП КЕТКЕНДЕЙ

Сөзі Кәкімбек Салыковтікі
Әні Балиұр Қыдырбектікі

Жан құлшынар “Жан сәулемді” айтқанда,
Қайталаймын коңыр кеште, ақ таңда.
Аңсағаным көз алдыма келеді,
Әннен шарбат, әннен ләzzат татқанда.

Қайырмасы:

Арналғандай бір маған,
Таң қалғандай бұл ғалам.
Ән шалқытқан,
Бой балқытқан,
Жан толқытқан бір адам,
Ол – Нұргиса, Нұр-аған,

Көкірегім қоңырау қақкан секілді,
Ойдан кетпей, бойдан тағат кетірді.
Менің мөлдір махаббатым ұялшак,
“Жан сәулемді” айта-айта жетілді.

Қайырмасы.

Бақыт құсы ән боп ұшып жеткендей,
Бүкіл әлем жан сәулем бол кеткендей.
Сүйсінемін “сүйдім” – деген жалғыз сөз,
Жүргегімнен жүзіп қана өткендей.

Қайырмасы.

ҚҮЙ-АҒА, НҰР-АҒА

Сөзі Кәкімбек Салыковтікі
Әні Алтынбек Қоразбаевтікі

Сазгерлік әлемнің сәні де сен,
Сарбазы, санлағысың әрі көсем.
Нұр-аға жер бетінде есен жүрген,
Қазақтың асыл қүйі, әні де сен.

Қайырмасы:

Әулие, Қорқыт-Ата ұранысың,
Қүй-аға, Нұр-аға.
Сазгерлік әлемінің қыранысың,
Ән-аға, Нұр-аға.

Әсем саз от-найзагай жасынысың,
Туган ел жүрегінде асыл ұнсің.
Жаңғыртқан “Отырар сазы” өткенімді,
Бүгінгі, әрі жаңа ғасырымсың.

Қайырмасы.

Күн күліп, жан толқытқан таң самалы,
Секілді естіген жан тамсанады.
Нұрғиса – деген сөзден күй төгіліп,
Нұрғиса – деген сөзден ән тамады.

Қайырмасы.

06.04.1995 ж.

“АҚҚУДЫ” ТАРТШЫ, ҚАРШЫҒА

Созі Кәкімбек Салыковтікі
Оні Жамагат Теміргалиевтікі

Сарынға сырлас табындым,
Жалынға ыстық шалындым.
Ағынға ынтық бағындым,
Нұрғиса күйін сағындым.

Сағындым шуақ күлкісін,
Сағындым ырғақ нұрлысын.
“Аққуды” тартшы, Қаршыға,
Көргендей қайтқан жыл құсын.

Саңқылдап аққу тамсантсын,
Қанқылдап қаздар аңсатсын.
Там, тұмдап заулат, тамылжыт,
Көнілдің бұлтын тарқатсын.

Есімнен тандым жабығып,
Қарайлап қалдым қамығып.
“Аққуды” тартшы, Қаршыға,
Кетпестей жүрек жарылып.

Домбыра келді-ау, бабына,
Балбырат қағыт тағы да.
Албырат, толқыт, талмаурат,
Оралтшы шалқар шағыма.

Естіген адам ұмсынсын,
Махаббат маздар күн тусын.
“Аққуды” тартшы, Қаршыға,
Нұрғиса күйі құлшынсын.

19.03.2001 ж.

ШӘКІРТІҢ ТҮР ӘН САЛЫП

Әні Сагат Қартеңбаевтікі
Созі Кәкімбек Салыковтікі

Нұр-аға...

Сені қатты сағындым,
Наз төгілті сағым күн.
Жыр тасқында жүректен,
Толқып ән бол ағылдым.
“Ата толғай” ағынды,
Жер мен көкте самғады.
Сырнай-керней сарынды,
Ақкуларың жалғады.
Бар қазакты баураған,
Күй төресін арнады.

Нұр-аға...

Күй төгілтіп, шырқап ән,
Қосылғандай гүлді алаң.
Жас жігіт тұр сен баулап,
Маңдайынан сипаган.
Асқақ күйің данқы асқан
Естен мәңгі шықпайды.
Дауысыңа санқ еткен,
Құстар әнін жұптайды.
Саған айтсам жан сырын,
Туған елім құптайды.

Нұр-аға...

“Құстар әні” алыста,
Бара жатыр ғарышта.
Асыл аға, жан-аға,
Жұлдыз болып ғарышта.
Қандай ғажап әуені,
Туған елді жайланаған;
Сағыныштың сәлемі,
Бұлтқа қанат байлаған.
Шәкіртің тұр ән салып,
Сағынышын арнаған.

30.08.2003 ж. Алматы

“АҚҚУ” КҮЙІ

Ақкөлге құстар келді жарқыл қағып,
Құлын, тай билеп кетті қарқынданып.
Күйлерін Нұргисаның құйқылжытты,
Ақкулар сырнай-керней саңқыл қағып.

Қайырмасы:

Дұние күй-толқынға көмілгендей,
Қайтейін ғаламатқа көңіл бөлмей.
Жарқ етті ақ қанаттар арасынан,
Күлімдеп күй патшасы көрінгендей.

Ұйқыда көрген түске табыныш па,
Өнімде құс-сезімге бағыныш па?
Елеске сынар акқу елеңдесе,
Малшынып мен де кеттім сағынышқа.

Қайырмасы.

Ақ самал, шырын саумал есті жел де,
Үн қалды талмаураған кешкі көлде.
“Отырар сазы” ма дәп қайран қалым,
Ақкөлде “Аққу” күйін естігенде.

Қайырмасы.

20.10.2003 ж.
Астана

СӨЗ СОНЫ

Нұргиса Тілендиев жайлы ойтолғақ

Халық қашанда қатардан озып, өзгеден үздік өнерімен, не болмаса, ел сүйсінген іскерлігімен көзге түсіп, атын танытқан адамды талант атайды. Ал, Құлагердей құйғытып сол таланттардан сұрырылып шығып озық кеткен кісіні ұлы адамдар қатарына қосады. Жүйріктен жүйрік озса – дұлдул демекші, ұлылардан ұлы озса танғажайып керемет, құбылыс, феномен атайды. Өз басым сезімі нәзік, қиялы ұшқыр, айтар ойы тұнғиық тұла бойына әруақ қонған дәуле斯кер қүйіші, дұлдул композитор Нұргиса Тілендиевті осы ерекшелер қатарына жатқызамын. Ол туралы ойланғанда арыстың “Чудо” деген сөзі көкейімен кетпейді. Мен көрген Нұргиса Тілендиевтің табиғатына ана сүтімен дарыған сазгерлік пен тынышымас темперамент бітті. Өткен күнді еске алып, қызығылықты кездесулерді араласам ойтолғаққа оранам.

Елден ерек дегендей, Нұргисаның өзгеден өзгеше жаратылған ғаламаты неде? – десек, оның кимылы бұлқан-талқан дауылдай, айқасы қызу шабуылдай арқалы құші болатын. Жүген, құрық салмаған бесті асаудай бұла құлшынысы жетпіске жетіп, дүниеден озғанша өргек мінезімен өтті. Қазір де қайда барсан қаладағы сахналарда, далағы тойларда күмбірлеген күйімен қарсы алады. Шын даналар қара жерге симай қалың қауымның арасында дүбірлі ғұмырын жалғастыра береді екен. “... бітімі де, болмысы да бөлек, қазак айтатын сегіз қырлы ұландарымыздың бірі, еңіс-

ке салса төске озған тұлпарларымыздың бірі, бірі ғана емес, бірегейі – Халық Қаңарманы Нұргиса Тілендиев” – деп тұнғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев жазғандай, ол шегіне білмес тегіне тартқан дауылпаз, өнер санлағы еді.

Нұргиса Тілендиевті мен ең алғашқы рет 1972 жылдың сәуірінде Шота Ыдырысұлы Уәлихановтың қырық жасқа толған думанды кешінде кездестірдім. Ол кезде мерейтойлар бүгінгідей буы бұрқырап, үйір-үйір шұрқырап сығылысқан ресторандарда емес, әркімнің өз үйінде, өз төрінде өтетін, Жезқазганда қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы кезім-тін. Алматыдағы осы той ұмытылмастай есімде айқын қалды. Кеше ғана қырыққа келген қылшылдан тұрған асau шак қой, қызығылдықты думанды қуанышпен толтыруға тырыстым. Төр басында актантар ақын ағамыз Эбділдә Тәжібаев, белгілі сәулеткер Малбағар Мендіқұлов, әйгілі қайраткер Ишанбай Қарақұлов агаларымыз жайгасты. Одан бері бізге таман Төрекелді Шарманов, Төлеген Досмагамбетов, Жарысбек Әбутәліпов бар. Үй иесімен Нұр-ағанды және мені қосқанда тоғыз едік.

«Тоғыз бар жерде тоқсан бар” – демекші бұл тоғыз тоқсаннан да толағай тамаша думан жасады. Маған асаба болуды ұсынып еді, мен үзілді-кесілді бас тарттым. Ауылдан келіп астананы басқармаймын, одан да үрнене кетерлік сабак алайын, өздеріңіз басқарыңыз дегенім есімде. Асабалықтың көкесін сол жолы Ишанбай ағамыз танытты. Ет келді, бас тартылды. Қойдың басын ұстай бере Эбділдә ағамыз: “Өй, мынаның өзі тірі қойдың басы ғой”, – деп бір күлдірді. Ишекен: “Ендеше көзін ойып маңыратып жіберіңіз”, – деді. Тұспалы мол қыстырма сөздер бой сергітті. Қаншама жыр оқылды, сыр айтылды, күй тартылды, ән салынды. Асабамыз бруденшафтатып келіншектерді биге де салды. Тоғыздан тоқсан өнер туындалды.

Бәрінен де Нұргисаның күйшілігіне таңдануымда шек болмады. Бала кезімде Сүйіндік деген бақсының елдің есін тандырып, айтқанын істететіні есімде қалыпты. Ал Нұргисаның күй тартқанын алғашкы рет естігенімде сол бақсының арбауы мен құдіретті ықпалына ұрынғандай қайран қалдым. Әрине, Нұргиса Сүйіндікше от қызыу шапшыған балтаны жалап, басқа да әрекеттерге барған жоқ, бар болғаны күмбірі тілдесіп, сыңғыры сыбырлап тұрған акку мойын домбырасын бебеулетіп, кәдуелгі он саусағын ойнақтатып күй тартқаны. Есіл – Көкшениң сал, серілік мектебінің талай дүлдүл шәкіртерін көріп, ән мен қүйдің арасында өскен мен үшін мына жігіттің өнері асқындығы мен тасқындығын іштен оқып туғандай таңытты. “Бала Міскін” атты қүйді “Бала Мишка” – деп естіп қалдым. Бірде шертпе, бірде тәкпе күйғытқанда өзге дүниені әп-сәтте ұмытқандай тына қалдық. Әр желісте ой бар, әр ыргакта әуен бар үзім күмбір, әсем үн таңдайынча тиғен тәттідей бойға сіңіп кетіп жатты. Кейде “Ах!” – деп санк ете қалып, екі көзі жарқ етіп, еріндері еміреп күлімсірәй қараганда арқасы қызып, пенделіктен періштелікке ауысып кеткендей көрініс таставады. Тұншықкан жандай тырп етпей тамашалана қалдық, талмаурын үнсіздік туды. Әсіресе, сұнгуір де құйғытпа қылыш-қылыш қағыспен терісқақпай әдіске байлығы тамаша. Ұшансудай құйылмалы асау ағындар, астары қабымалы сүбелі серпіндер, шырайры ашық шертпелі ыргактар алмакезек сапырылышып жатты. Бір тіріліп, бір өлген үнмауыр тылсым мезеттерге малшындық, құлақ құрышы әбден қанды.

Күйшінің өзі де балқып, толқып, қызба бабына жылдам жетті. Аламан көшін артына тастанап еркін озған сәйгүліктең заулап кетті-ай дерсің. Күйге өзі көміліп қалғандай, қүйдің ішінде өзі сүңгіп жүргендей, тартып отырған күй желісімен өз жүрек күйі ұласып, күйге күйіп кетердей ғала-

матқа бөледі. Манғайынан төгіле түскен қап-қара шашының бір бунағын серпіп тастап, ал кеттік дегендей тағы да бір “ан!” – дегенде ес жинай бастадық. Өніне қарасаң сүреттегі Махамбет секілді жәк сүйегі шығыңқылау, етсіз жұқа беттері қызара бертіп, лаулағанда жүзі ерекше жайнап кетті. Есімде қалғаны дана мұсінші Родениң қолдарындай ұзынша саусактары шымыр сала-ланған екен. Оған қоса, әсіресе бас бармақтарының шеберлік белгісін берер имектігі көз тартты. Қағыстың әр тәсілінде үн нақышына апарар мәніс бар. Әлді саусактарымен әр пернені дәлдеп басуы сүмдүк. Кейде сызылта заулап, құлақтан шанаққа, шанақтан құлаққа қарай ерсілі-қарсылы ысылта безілдетіп, тағы да “ан!” деп алақаның жайып қалғанда қалқан құлақтары алақанына ұқсап кетті. Әңгеленіп тұрған локаторлар сияқты делебелі құлақтарда да алыстан әуен тергіш сиқырлы қасиеттер бар ма деп қалдым.

Нұргисага күй тартқызу тойдың прелюдиясы, беташары гана емес, тұп-тура жалындаған апофеозы, шырқау шыны тәрізді козғау салды. Бәйге десе ағындал тұрған хас жүйріктей әсер қалдырды. Қасында отырган Дариға женгеміз дабылы мен дүбірі мол Нұр-агамызға мөп-мөлдір аппақ жүзімен ерекше сән, салтанат бергендей көз тартты. Аққудың көгілдіріндегі жап-жас, он екіде бір гүлі ашылмаған жауқазындей ақ келіншек топ ішінде жарқырап, сезімтал сәүлесін шашып отырды. Дариғада кербездік пен керімсалдық, ынтықтық пен құштарлық лықсып тұр. Үлкендердің алдындағы инабатты кішіпейілділігі өз сұлулығынан өзі қысылғандай сәлделі сезім білдірді. Ол кезде Тілендиевтің “сіп-свежий” жас қосағын көру деген бір арман ғой. Айлалы қабылан жас маралды еліктіріп алғандай көз тартты. Ұзілісте Шота мен оның зайыбы Зина-ханымнан аға-женгеміздің жастарын сұрадым. Нұр-агамыз, қырық үште, жас женгеміз Дариға он тоғызда екен.

Шіркін, жер бетіндегі даналардың ұқсастығы-ай, әлбетте, есіме тағы да данышпан мұсінші Роден түсті. Ол он бес жасында Наполеонның мұсінін жасаған атакты мұсінші-қызы Клодель Камилла Розалимен көніл косқанда өзі қырық ұште, ал Камилланың он тоғызда екені есіме түсті. Оқығаным қате болмасын деп Төлегеннен сұрай қалдым. Шіркін, Төлеш тек қана үздік мұсінші емес, тұнып тұрган энциклопедия еді гой. “Дұрыс ага, дәп солай”, – деп менің есте сақтағаныма танданды.

Әрі қарай әңгімелескенде Төлеген: “Роден Американың әйгілі бишиі, кейінде Сергей Есенинге тұрмысқа шыққан Айседора Дунканды көргенде, шешіндіріп, денесінен болашақ мұсіндерге нұсқа алғанда әлі қаймағы бұзылмаган қызы бала екен”, – деді. Мен оған: “Женгеміздің де Нұр-агаңмен косылғанда қызы қалпы болғаны айдан анық көрініп тұр гой” – деп, той төріне ұласа кеттік.

Ишанбай ағамыз думанды қыздыра жөнелді. Алдында сейлекен Әбділдә ағамыздың өлеңдеріне қанықтық, Малбағар ағаның, Төрекелді Шармановтың да әңгімелері қызық болды. Маған кезек келгенде Шотаға арнаған өлеңімді оқыдым.

Әй, Шота! Келіп қалдық қырық жасқа,
Ақтарар енді саған сырым басқа.
Асау шақ тежеу бермей өте шықты,
Кей-кейде ұрындырып ұрынбасқа, –

деп бастап, аяktай беруім мұн екен Ишекен “Әй, Шота! Сен күйеу баласың, ендігәрі ұрынбасқа ұрынуыңды қоярсың!” демесі бар ма?! Шота: “Аға біз де қартайдық қой, қоярмын”, – деп, сөз козғай бергенде Нұр-агамыз: “Тек, Шота жасқанба, бар келешегің әлі алдында, еркіндіксіз ерен енбек тумайды”, – деп түйіп қалғандай қосыла кетті. Содан кейін күйші ағамыз маған тиісті.

“Өлең айтасың ба?” деп шұқшиғанда айтамын деп тап бердім. Солақай домбырасын онқай бұрап ұсынды. Ол кезде жаңа ән туса бір аптада бүкіл елге тарайтын Тұманбай Молдағалиев досымның сөзіне жазылған Нұр-агаңының “Құстар әнін” нәшіне келтіріп шырқап бердім. Дариға женгеміз: “Нұр-ага, мына жігіт кетіп қалмай тұрганда радиога жаздырып алайық” – деді. Женешемнің бұйрығы жеңіспен тынғаны соншалық, осы ойға тез еніскең Нұр-агам: “Құп, болады”, – деп қалды. Мен ат-тонымды ала қашып, құғылдым-ау, дегенде ағамыз: ”Әй, ата, бабаларыңнан не білесің?” – деп тікелей кірісті. Мен Үкілі Ыбырай бабамыздың “Гәккуін” орынададым. Нұрекем: “Әй, мынауың Құләш айтатын “Гәккүдің” басқаша түрі ғой, тағы несін білесің?” – деп қоймаған соң тағы да Үкілі бабамыздың бір екі әнін шырқап бердім, Нұр-агаң қатты қуанды. “Әй, сен керек жігіт екенсің”, – деп, қасыма келіп бір құшақтады.

Кейінгі жылдары Нұр-агаңының ақырғы құндеріне дейін ара қатынасымыз үзілген жоқ. 1973 жылы “Жезкийк” атты өлеңдер жинағым шықты. Ол кітап қолына тиісімен ағамыз “Жезкийк” атты өлеңге ән шығарыпты. Ол хабарды есту үлкен қуаныш еді. Екі үш құннен кейін Алматыға келіп, әнді тыннададым. Сүбелі дүние екен, қарапайым әншілерге айтуға қаншалықты ауыр болса да үйреніп кетіп, айтып жүрдік, ел құлағына да жетті. Нұргиса Тілендиев кім дегенде күйшілігін, композиторлығын, дирижерлігін баса айтамыз ғой ал, қазақтың тіліне, әсіресе көркем сөзге білгірлігі орасан-тын. Егер Нұр-агаң әдебиетпен айналысса да композиторлығынан кем түспестей өнер танытар еді, сұлу сазға жан жүрегімен берілгендей жеңіп кетті ғой. “Жезкийкке” ән шығарса да “өлең тым ұзак екен, төрт шумақтан асырмай қысқартып және осы құнге жақыннатып бер” – деді. “Осы құнге жақыннатуды” түсіне алмадым дегенімде: “Әй, Жезқазғаннан осында келгенде бір

сағынғаның кездесе кетпей ме, соны айт” – деді. Мен көзінше төрт шумақ етіп, қысқаша вариантын жасап, ішіне:

«Асықпа, көрейінші жөндеп қана,
Қалайын өзімді өзім емдеп қана.
Тез өткен кездесуді жалғастырып,
Көп күндер ән салармын сен деп қана” –

деген шумактағы соңғы екі жолын жаңадан қосып бұрынғы сөздерін алып таstadtым. Тап осыныма Нұр-ағам қатты қуанды. Өлеңнің әр сөзіне жіті карат, өз тілегін айтып сілтеме беруге жетіктігін соңынан да талай байқадым. Осыған орай айтарым абзал күйші, композитор ағамыз сөз сұлтулығына қатал қарайтын. Әсіреле Абай тақырыбы туралы сез еткенде “Әуезовтану” сабағының нағыз профессорындағы білгір де біліктілігін байқадық. Нұр-ағаның күйшілік, шығармашылық тәрендігінің қайнар бұлағы жалпы әдебиет, мәдениет, өнердің барлық салаларынан хабары мол, әмбебап қайраткерлігінде. Күйлердің тарихын аса көркем тілмен нәшіне келтіріп айтуда алдына жан салмайтын. Оның осы кеменгерлігі ел тағдырын ойлатып, терең толғауларға салдырыды. Өзі өмір сүрген заманың барлық егжей-тегжейін біліп, біте қайнар өссе, өзіне дейінгі асыл мұрага әбден қанық, болашаққа да зер сала білген ойшыл еді.

Көне заманнан Асан-қайғы, Қорқыт-ата десек, бергі ғасырлардан Абай, Құрмангазы, Тәттімбеттер, одан бері таман Үқылас, Сүгір, Біржан Сал, Ақан Сері, Үкілі Үбырайлар іштей серік болып, септесіп жатқандай сезім білдіреді. Осының бәрі Нұргисаның жан байлығы болса, солардың негізінде үрпактар сырын жалғастыра отырып, сол даналардың қатарына өзі де қосылды. “Сарыжайлау” атты әнін алсақ, бастапқы бұындары әріден тартады да, лезде бүгінгі өмірге көшे жөнеледі, ал қайырмасына келгенде сагыныш құрсауына орап алып, ойландырмай қоймай-

тын. Кейде Нұр-ағанның барлық әндері мен күйлері, бүкіл композиторлық өнері “Ата толғауы” мен “Әлкиссаға” дайындық секілді көрінеді. Бұл екі күйде адамзаттың көніл күйін өз көніл күйімен ұштастырганы айғақ.

Данышпан мұсінші Рене Франсуа Огюст Роденниң тағы да аузыма түсіү, санама үйіріле кетуі тегін емес, даналардың өмір ағысын алыстан зерлеп ұқсастығын андау терең ойға жетелеп, көп қызыққа бөлейді. Францияның мактандыши әлемдік бейнелеу өнерінің үздік шебері Роденниң “Тамұқ қақпасы” композициясы мен “Келе Қала-сының азаматтары” атты туындылары көрген жанның көзіне іліккен сәтте таң калдырды. Ал Роденниң “Мыслитель” атты кереметін көргенде бар жиғаны осы үшеуінің ішінде тұр-ау деп қала-сың. Нұргиса туралы сөз еткенде де бір ғана ұлы күйі – “Ата толғауы” бүкіл шығармаларына қойып кеткен түйіндей оқшауланып Роденниң “Мыслите-ліне” ұқсап тұрады. Бұл тарлан дарынның арман еткен ойшылдық арқауы, жеткен бүйі – қиялғай-ып ерен дүние. Мәдениеттер қарым-қатынас тұнғығы да осында жатқан шығар.

“Ақкуы” махаббат поэмасы болса, “Әлкис-сасы” қазақ өмірін толғап берген, күйден жара-тылған, сұлу саз әсем бейнелеген зор композиция болып көрінеді. Уақыт пен болмыстың, ғасырлар мен жылдардың қорытынды тізбектері күй тілімен кіршікіз таза қалпында астасып жатады. Қозға-лыстар мен әрекеттердің адам жаңымен ұшта-сусы аласапыран, ағыл-тегіл дүние дүрмектің са-пырылысында бара жатқан ата-бабанды, һәм өзінді көрсетеді. Осының бәрі Жер-Ана, атаме-кен, бүкіл ұланғайыр шексіз табиғатпен етene бірігіп, тума байланыстықтың сұлу саз сарыны-мен сұңғыла өрімін табады, сондықтан да күйшімен бірге өзін де зор қиялға оранасын.

“Әлкиссаның” алғашқы ирімдерінде тә, тә, тәта... тата-та-лаған бұлкілі көшпелі елдін жор-

туылға шыққан батырларының ат тұяқтарының тасқа тиген так-түк тақылын, көне дүбірін естіртеді. “Қайран далам”, “Қайран бабам” дегізеді. Бірер уақытта аттар бос тепенді тастай сала, желе жортып, шаба тартады. Бес саусақтың қағысы, үзім үннің мағыналық табысы ұлғая бастайды. Сол ұзак дүбірдің ырғағында жылдар, ғасырлар көшіп жатады, казак халқының шеккен тағдыры күй тілімен айдан анық айтывады. Роден Дантенің “Тамұғының” сипаттамасын сегіз жыл бойы сансыз түрлі таңғажайып мұсіндермен безендіргендей, Нұрғиса да “Әлкиссада” қазақ өмірін әлмисақтан бүгінгі күнге дейін жеткізіп, ұстанған сырын. ізгілік арманын айғақтайды. Құдіретті күй финалына тақаған сайын шиыршық атып шапшаң қозғалыста, үрдіс дамып отырады. Үйірлі іірімдер қысқа-қысқа суреттер жасап, толқымалы ырғактар сан қылыш оқиғалар желісін баяндайды. Жігер, күші шапшаң топталып, айбатына кіріскең арыстандай шапшып, ақыры зор жеңіске жетіп ойдағысын орындағандай сылқ етеді.

Міне, құдіретті күй бітсе де, санаңдағы ой толастамай тарихтың терен сырына шомған күйінен бүгінгі өз тірлігіне алып шығады. Күй тынғанда жүрегің элі тынбайды. Ел көсемі атанған ұлы құрескер Элихан Бекейханов: “Құдайдан соңғы құшті ғұмыр – тұрмыс ісі”, – деген екен. Қайғы-қасірет, талас-тартыс, жанталас пен арпалыстардың алмасып жатқан дауылынан есен шыққандай есептіреп барып, айналана қарайсың, өмірге өзгеше көзбен үңілесің. Болашактың жарқын ұшқыны өтпелі кезендерден тез өткізіп, әлде қайда шақырады. Бір жаққа бара жатасың... Ойға шомып, үнсіз отырасың. “Әлқисса” – тарих күйі, “Әлқисса” – өмір сыры, “Әлқисса” – арман, “Әлқисса” қазақ кешкен болмыс, түйдек ғұмыр.

Алматыға Мәскеуден оралып, жаңа көшіп келген кезіміз еді. 1992 жылдың кыркүйектің 12-күні Нұрғиса телефон сокты: “Әй, Кәкіжан, Өмірхан

Байкоңыровтың сексен жылдығына шақыру алдың ба?” – деп биязы түрде сұрақ қойды. Алдым, өлеңімді арнадым, ғылыми-теориялық конференцияда Жезқазғанда қалдырыған асыл ізін айтып сөз сөйлеймін деп, өз дайындығымды баяндағым. Нұраған: “Молодец, мен де ол кісіні туған ағамдай көруші едім, оркестрмен барып концертімді арнаймын. Звондал түрғаным, бір қызық болсын, күндіз сөз сөйлемдім, өлең оқыдым деп тоқтап қалма, кешке концертті “Әлқиссамен” бастаймыз. Сен “Әлқисса” атты өлеңінді кеше оқып едің ғой, екі “Әлекен” ұштасып, бауыр басып жатыр екен. Біз туындыларымызды келісіп пішken жоқпыз ғой, екеуі екі дара дүние, бір ғажабы қанаттас, армандағас екен. Концерттің басында сен өлеңінді оқып тұрасың, мен сол өлеңді күймен сүйемелдеп отырамын, сонда екі “Әлқисса” майданға шыққан Қабанбай мен Бөгенбайдай ел алдына қатар шығады”, – деп трубкасын қоя салды.

Екі күннен кейін бәрі айтқанымыздай бола қалды. Үйден шығарда “Әлқиссаны” қалтама немікүрайлы түрде сала салдым, сондағы ойым – тентек ағамыз айтқанын істеп жүрсе ұят болмасын ғана. Концерт басталарда біздің Мәскеуден көшіп келгенімізді, достығымызды тамаша етіл айтып берді де, өз “Әлқиссасын” ол оқиды мен өз “Әлқиссамды” домбырамен орындал беремін, бірінші нөміріміз осы деді. Жүрт ду қол шапалақтап жатыр. Мен ұяла-қызара “Нұр-аға қойыңыз” деп едім. Ол: “Ойында өрелік жок, тойда төрелік жок, бұл той ұлттымыздың үлкен тойы, партократтық деген ақынға жараспайды, кел”, – деді. Сөз өтті, шыдамай кетіп, сахнаға шықтым. Құдай ондал, өлеңімді ала салғаным абырой болды. Мен өлеңді оқып тұрдым, Нұр-ағаң күйді ақырын шекітіп тартып отырды. Өлең біткенде мен орныма кете бардым, жүрт у-ду қызып кетті, қол шапалақтаудың көкесін көрсетті. Ал күйші ағамыз

атып тұрып бір “аң” – деп “Әлкиссаны” оркестрмен орындаған жөнелтті. Енді еске алып отырса, осынау сәт естен кетпес құтты сәт екен. Кейін қиқаңбайды қойып, “Отырар сазының” мерекелі концертінде де дәл солай қайталадық. Қайран Нұрғам-ай, жәй киянқы емес, ар жағында бір жақсы ой бастап тұратын, көңілі кетсе, сол ойдағысын орындаған қоймайтын қайсар еді-ау. Бұл да даналықтың ашық белгісі.

Нұргисаның “Ата толғауын” ешқандай басқа күймен шатастырмайсың. Ол күй адамның көніл күйінің, түсінігін толық қамтыған дананың дара-лығын айдан айқын ашып, гажайыптың не екенін көрсеткен ерекше туынды. Бұл күйде даналық-пен қарапайымдылық, шық тамшыдай ашықтық, өмірге деген құштарлық пен сенім орасан ойға оранып жатыр. Терен бойлап қарасақ, күйдің негізгі мағынасы мен әр буыны, әр тармағы, әр сарын желісі көнілге жылдам қонып, жатталып қалады. Бұл сұлу саз өнерінің мәңгі ғаламатын естігенде құлақ шалған құбылысты қөріп тұра-сың, “Огинскийдің полонезіндей” атамекеншіл сезімдерге бөлениесің. “Ата толғауы” Тілендиевтің айтар ойын айдан анық танытады. Күйдің көкірекке тез үйлескіш жылыштық, адам жанына ана сүтіндей татымдылық, ана тіліндей жақындылық ұялатады. “Музыка қамыққан көңілді қалпына келтіреді” – дегенді Қаныш Сәтбаевтан естіп едім. Бұл күй сол сөздің дәлелі іспеттес куанышты ұлғайтады, ренішті басады. Тәттімбеттің “Көкейкестісіндей” көнілге қона кетеді. Дүние дүрмектің тапшылығын ұмыттырады, сенім мен үмітке бөлейді. Көнілдің арманшыл қиялымен күйдің айтары бірлесіп жатады.

Мәскеуде Орталық партия комитетінде қызмет атқарып жүрген кезімде іс сапармен Өзбекстанда болдым. Межелі жерім Самарқанд еді, асығыстау іс болған соң, бара жатқанда Ташкентте бір қонсам да, ол кездегі бауырлас елдің ұлы

перзенті Шараф Рашидов ағамызга сәлемдесіп шығуға сәт түспеді. Қайтарда асықпай, саспай кіріп шықтым. “Біздің елге келсөніз соқпай өтпеніз деп едіңіз, сол ыхласының мархабат ретінде сәлем беріп шығайын деп келдім”, – деп бастап, санқылы ұзак әнгімелерге кірістік. Сөз арасында Өзбекстанды білмейді екенмін, Самарқанд пен Бұхараны көрген соң үр жаңа ойлар келді, ежелден мемлекеттік дәрежелерің зор, сәулеті мен дәулеті үйлескен кеңестік шығыстағы ұлы ел екенсіздер деп, көргенімді сипаттап, шын қуанғымды көтеріңкі көңілмен жеткіздім. Шараф ағамыз сымбатты да биязы жүзімен құлім қағып, отты нәркес ойлы көздерімен бір қарады да: “Дұп-дұрыс, айтқаныңыздың бәрі бар, өткеніміз де, бүгінгі өміріміз де, хал, ахуалымыз да мактауға тұрарлық”, – деп бастады. Содан соң сәл кідіріп, құлкісін жиып, ойлы кейпімен: “Қазақстанмен салыстырғанда бір ғана жетіспейтін жеріміз бар, бізде Нұргиса Тілендиев жоқ. Ақындар мен әншілер де жеткілікті, би деген ата дәстүріміз, тек қана “Ата толғауындан” дана туған сұлу сазды дүниеге әкелген Нұргисадай аскак дарынды композиторға тапшымыз. Ол телегей теңіз, бұл шалмас аспан ғой. “Кеңестік шығыстағы” республикалар деп қалдының ғой, тұрасын айтсам бүкіл шығыста тап қазір Тілендиевпен таласар, үзенгілесер, тізгіндесер композитор жоқ” – деді. Содан соң жұка жүзінен мөп-мөлдір нұр шашқандай шырайланып, “Әлә-ләлім, лә-лә-ләлім, лә, ләләлім, ля...ля” – деп баяу ғана тербеліп “Ата толғауының” сарынын аумай түсірді. Әрі бір елдің көсемі, әрі әлемге аты белгілі жазушы, ақынжанды ағамыздың бұл тебіренің Нұргисаны шын жүректен сүйетіндігіне, “Ата толғауына” сүйсетініне еш күмәнсіз сендерді. Бұл жәй тебіреніс емес, жан тынысы, жүрек лұпілінің айқын көрінісі. Қазақ деген халқымның атын осылайша көтерген Нұргиса ағама іштей ризашылығын көкірегімді кернеп кетті.

Сәлден соң сырықтай сыйтығыр ықшам де-
нелі бір әсем жігіт Шараф-ака, шәй дайын деген
нышан білдірді. Ағамыз орнынан көтерілді де де-
малыс бөлмесіне шәйға шақырды. Өрік, мейіз
түрлі жемістер толы шағын үстелдің басына жай-
гастық. Шараф аға шәй құюға ұмтылғанда, мен
құйын деп інілік ілтифат білдіріп едім ол кісі сәл
езу тартып жымиды да, сіз Мәскеудегі “Үлкен
үйден” келген меймансызы, бұл қазақ сүйер қара
шәй емес, аптапта анызақты басар біздің көк шәй
ғой, оның құймастан бұрын жасайтын өз дәстүрі
бар” – деп, шәйқұмандығы шәйдан үлкендеу ке-
сеге молырак құйып алды да, ақ құманға қайта
құйды. Құйысында да бір мән бар: сызылтып қана
баяу бастап, аяғында котара сілтеп, лықыта сал-
ды. Дәл солай үш рет қайталады. “Бұл істе үлкен
гәп бар, біріншіде лайы кетеді, екіншіде майы ке-
теді, үшіншіде шәйі шығады” – деді.

“Міне, Хакімбек-ака, “Ата толғауы” да осын-
дай: ол ғажап күйді ішімнен ыңылдан бір қайтала-
сам қайғы-қасіретім басылады, екінші рет қайта-
лағанда өз кемшіліктерім көрінеді, үшінші рет қай-
талағанда шәйдай ашылып, бейжай балқыма қал-
пыма келемін. Мен бақытты адаммын, мен де бәрі
де бар, не жетпейді. Бірақ, ертең бұл жалғанмен
қоштасқанда бойым сиярлықтай қара жерге ке-
біннен басқа ештене әкетпеймін. Тек қана көз
жұмарда “Ата толғауын” ішімнен үш рет қайта-
лап, өзіммен бірге ала кетсем деймін” – деп ток-
тады да бір мезет үнсіз қалды. Содан кейін койын
дәптерін ашып: “Ағылшының ұлы философы То-
мас Гоббе: “Сұлулық – бақытқа бастар уәде” –
деген еken “Ата толғауы” сол әр адамды бақы-
тына сілтер уәде”, – деді. Ақсақал толғанды, мен
де тебірендім. – Рахмет аға, бұл үлкен баға,
Нұргисаның досы болып, қазақ болып туганым
үшін тәнірге ризашылығымды білдіріп отырмын,
– деп, шәй іше бастадық. Нұргисаның менің сөзіме
жазылған “Жезкиік” атты әні бар, – деп те мағлұ-

мат бердім. Әсіресе өлеңнің өзбекше аудармасын оқығанда тағы да толқып кетті.

Біраздан соң сөреде тұрган көп кітаптардың ішінен Шараф-аға Абай атамыздың өлеңдерін әкелді. “Жіңі-жіңі оқып тұрамын бұл ұлы ақын ғана емес, ұлы философ, озық ойшыл кісі. Сіздің досыныз, менің ерекше сүйер композиторым Нұргиса да сұлу саздың Абайы, сол философ сазгер Абай тірі кезінде халқының қадір тұтар данасы екенін толығымен білмей өтті. Ал, Нұргиса болса ұлы құрметке бүгінгі таңда бөленіп отыр. Әлі талай бөлейміз де, есендік болса Ташкентке шақырып мейман етіп, зор куанышқа қанығып, шерімді тарқатам деймін”, – деп тоқтап, шәй алғызды. Сөз арасында: “Ұлы Абай атаның баласы мен адамның баласының басын ашып кетті, өз ойымша: елін кенелткен дарын елінің перзенті, өзге елдерді сүйсіндірген дарын адамзаттың баласы, Нұргиса Тілендиев қазақ болып тұган ұлы дарын, ол адамзаттың өрені, әлемдік тұлға”, – деді.

Содан кейін Шараф ағамыз сәл-пәл ойланып отырды да бір жымыып:

Гetenің бір ғажап сөзін жиі айтЫП жүремін былай депті: “Шабыт тұздалған балық емес, оны көп жылға сақтап қоя алмайсың”. Менің осыған қосып айттарым шабыттың да шырқау сәті болмақ, Нұргиса сол шырқау шағына жетіп тұрғой”, – деді де, – Гetenің “Өсиетіне” не жетсін “Завет, завет”, – деді. Содан кейін отырған қүйінде он қолын ауада женіл қалқытқандай серпіп, тақпақтай жөнелді:

“В ничто прошедшее не канет,
Грядущее досрочно манит,
И вечностью заполнен миг... ” –

деп, сабырлы қалпымен: “міне, Гете осылай десе, Нұргиса вечностью уже заполняет каждый свой миг”, – деп тоқтады.

Мәскеуге келген соң Нұр-ағама телефон соғып бәрін баяндадым. “Әй, мынау қызық екен. Рахмет. Ондай үлкен кісі шақырса мен куана, куана барамын”, – деді. Дәм-тұз бұйырмаған шығар, келесі жылы Шараф Рашидов дүниеден озды. Бірақ айтқан сөзі хатта қалды. Бұл оқиганы өлең еттім, жинақтарыма кіргіздім.

Нұргисаның “Отырар сазы” оркестрімен Мәскеуге келіп, ұлы композитор П.И.Чайковскийдің залында өткізген концерті қазақ өнерінің құзарт шыңға шыққан шағындан үлкен триумф, елеулі құбылыс ретінде танылды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың “Қаңарман Нұргиса” атты естелік кітаптағы “Саңлақ” атты алғы сөзінде бұл концерт туралы жазғаны бар. “Мен “Отырар сазы” оркестрі аяғынан қаз тұрып, халық сүйіспеншілігіне орана бастаған тұста Мәскеуге алып барып, ондағы П.И.Чайковскийдің атындағы Үлкен концерт залындағы өнерінің күәсі болған күндерімді әлі күнге дейін ризашылықпен еске аламын. Ол кезде мен республика үкіметін бас-каратаң едім” – депті. Өзім ол кезде Мәскеудемін, концерт басталысымен елді сағынып жүрген ақынға жыр періштесі Афродита қолдандашты шабытты сәт туды. Отыра бере көргенімді өлең етіп төгілте бердім. Ұзіліс кезінде Нұрсұлтан Әбішұлы шәйға шақырып жатыр деп келген інішекке шынымды айттым. “Өлең маган тап бүгін ештеңе ішкізбейді, мына Мәриям женгенді ертіп бар”, – деп, өлеңімді жаза бердім. Күйшіл сүрен керемет жүріп жатты, ақыры тап сол кеште “Отырар Сазы” атты поэмам туды. Үйге оралған соң тыңғылықтап бітіріп, таңертең Алматыға “Қазақ әдебиетіне” жібердім. Нұргисалар елге оралғанша поэмам газетте жарқ етті. Академик-сыншы Мұхаметжан Қаратайев ағамыз “Лениншіл жас” газетіне “Тебіреністен туған тебіреніс” – деген мақаласын жариялады. “Қазактың Виссарионынан” жақсы баға алдым. Нұр-ағам үйге оралы-

сымен екі газетті де оқып шыққан соң телефон арқылы: “Әй, Кәкіжан, контрреволюция жасапсыңғой рақмет, рақмет”, – деді. Поэмам жеke кітапша болып та шықты. Ойлап тұрсаам акжолтай дүние екен. Поэманың бір үзімінде:

Домбырасын солақай қол бұраған,
Еренғайып сәт орнады сұраған.
Қырғын қүші болып кетті дирижер,
Дұлдұл сазгер – қүй төресін құраған,
Мың санатта бір адам,
Құс қанатты Нұр-ағам, –

деппін. Ол шын мәніндегі құс қанатты қайталанбас үздік дарын екенін сол сағатта ұлы залда сезімтал да сергек қауымға молынан паш етті.

Өмірден озған соң марапаттау, мактау бір сәрі, ал көзінің тірісінде көрсеткен ілтипатқа не жетсін. Нұргиса Тілендиев туралы айтарым көп-ақ. Бірде қатты ұстасып қалдық. Оның айтқанынан қаймықпай мен де кеншілік мінезге салып, қатты кеттім. Сонда Нұрағам: “Әй, Кәкіжан, ренжіп қалдың ба, ал, қояйық деп, құшактап бетімнен сүйді”. Мені “Кәкіжан” – деп туған анамнан кейін айтқан екінші кісі Нұргиса. Ұлы дарынның мінезі де ұлы еді. Қанша тентек болса да нағыз мейірбап жан ғой, кешірімі, қайтымы да тез болатын. Өмірінің соңғы жылдарында Абай атамыздың 150-жылдық тойына қызу дайындалдық, біраз өлеңдер, әндер туды. “Абайым ақындықтың пайғамбары” – деген менің сөзіме жазылған әнмен “Отырар сазы” ұлы тойды Абай еліндегі Қарауылтөбеде бастады. Сол әнімен туған елмен қош айтысқан екен, Абай атамызға қосылысып тағзым ету бұйырды.

Нұргиса Тілендиев XX ғасырдағы қазақтың аса көрнекті музыка қайраткері ретінде “Отырар сазы” ұлттық аспаптар этнографиялық оркестрін құрастырып, ұлттық сұлу саз өнерінің А.С.Пуш-

кин айтқандай “қолдан келмес” ескерткішін жасап кетті. Төкпе қүй мен шертпе күйдің бар ғажайып элементтерін терең ұғынып, қара тартыс пен қайым тартысты қызу пайдаланды. Домбырадан басқа аспаптарды құрастырып сұлу саз өнерінің қайталанбас қайырым, іірім, сансыз түрлі құбылыстарын өрнектеп берді. Дирижерлік пен ұйымдастырушылық қабілеттері әмбебап ерендігін танытты. Дәуlessker қүйші, ақтандер композиторлығын өрістетіп, опера, балет, поэмалар, романстар өн, қүй туындыларының ғаламаттарын жасап алдына жан салмады. Ұлы композиор мың жылда бір туар қазактың дана перзентіне айналды. Құлагердей құйғытып, сақ қырандай самғаған дарабоз тарлан асаулығы басылмай арындал та, ағындал та құштарлы жүргегінің ынтығын терең тебіреністерге малшындырыған заманымыздың ойранышыл да ойшыл туған дүлдүліне айналды.

“Ұстаздық қылған жалықпас” – деп Абай атамыз айтқандай Нұргиса Тілендиевтің көп жылдары ұлағатты өнерімен тәнті еткен ұстаздықпен өтті. Алматыға Жезқазғаннан бір келгенімде атақты қүйші Мағауия Хамзиннің жаңа туған бір қүйін Нұр-агаңның көз алдында қалай түзетіп, жәрдемдескеніне күә болдым. Қүй алғашқысынан әудем сәтте өзгеріп кетті. Мағауия да алғырылығын көрсетті. Нұрағанның өз өнері қанша шексіз болса оның шәкіртерінің саны да дәстүр жалғампаздық мәні де шексіз. Ол ұлтымыздың өз заманындағы қүйшіліктің көсемі еді. Ұстаздығы домбырашылар мен жас композиторларга, көптеген әншілерге ғана емес, бүкіл халқымызға сұлу саздың сұрапыл саңлағы ретінде жер бетінде қазақ барда ұмытылмас рухани сабак болды. Талай ұрпақ өзінің көзінше әнін шырқап қүйін тартып, ол шарпыған рухани аяда өсти.

Алда талай Қаршығалар, Айғұлдер, Қошқарбектер өзі бардай сол қалыпта сикыры мол нақыштарын сақтап өсе бермек. Ол санасына

ұлтжандылық сіңген нағыз қазақ еді, сондықтан шығармалары да барша қазактың жүрегіне мызғымастан орнықты. Нұргиса Тілендиевті сөз еткенде заманымыздың ойшыл ғалымы академик Зейнолла Қабдолотовтың “Ғабит Мұсіреповті мактау керегі жоқ, онымен мактану керек”, – деген қанатты сөзі еріксіз есіме түсті. Мен Нұргиса Тілендиев жайлы ойтолғаққа оранғанда ұл туса осындай тузын, Нұргисалықтың жолын қусын деген мактаныш ретінде тебіреніп отырмын. Нұргисаның өнері қазактың кең даласындағы сұлу да шексіз, асқарала тауларындағы заңғар, мөпмөлдір көлдеріндей көркем, нұлы орман, тоғайларындағы толқыған сазды да назды күйінде көз алдымында күй болып күмбірлеп, ән болып шалки береді.

Адамзат баласына баға жетпес зор мәдени мол мұра қалдырыган ақтантаріміз дүниежүзілік өркениеттің ажырамас әсем бөлігі болып, жарқырап тұрған бәйтеректей жайқалып қала бермек. “Жоғары мәдениетке” еліктеп, өз мәдениетін зорламады, “төменгілікке” көнбей, сазгерлік өнерінің өрнектілігін көтеріп, ел дәрежесін теңқалыптылар катарына жеткізді. Артындағы ұрпактарға өлмес күйлерін, толастамас әндерін қалдырды. Қазақ үшін Нұргиса көкірегін алтын бесікке салып әлдилеп, күй күмбірі құміс қоныраудай елеңдеткен, ән нөсері жан құшырын қандырған бір ғажайып дәуір еді. Асыл дарын, ұлы тұлғаның замандасы, тілектесі, досы болғанымды үлкен бақыт санаймын.

Автор
Астана
16.06.2003 ж.

Мазмұны

| | |
|---|----|
| Автордан | 3 |
| Толғаныстан толғаныс | |
| Аттысөз орына | 6 |
| I БӨЛІМ | |
| Отырар сазы | 15 |
| Кіріспе үшін | 15 |
| Аттаныс | 16 |
| Кербез күйлер желісі | 19 |
| Құлшыныс | 24 |
| Нұрлы шуак | 31 |
| II БӨЛІМ | |
| Өлеңдер | |
| Сағынып жүрмін Нұр-аға | 41 |
| “Жезкийкітің” тұнғыш әні туғанда | 43 |
| Жезкийк | 44 |
| Некіске келді Нұргиса | 45 |
| Нұргисалар аттанғанда Әмуден | 46 |
| Ол казактың сұлу сазды жүрегі | 47 |
| Шараф Рашидовтың айтканы | 48 |
| Күй әсері | 50 |
| Тимеші | 51 |
| Нұргисаның бір келіншекке айтканы | 52 |
| Нұргисаның Бүркітбайға айтканы | 52 |
| Ауырмашы Нұр-аға | 53 |
| Мактан етем | 55 |
| Ән туғанда | 56 |
| Әлкисса | 57 |
| Той толғауы | 59 |
| Нұргиса Тілендиевке | 59 |
| Нұргисаның Қошқарбекке хатынан | 62 |
| Қош бол, асыл Нұр-аға! | 64 |
| Жүре бер жаңа ғасырда | 66 |
| Дарига Тілендиеваға | 66 |
| Нұргиса аттанып кеткелі | 67 |
| Орындалған арман | 68 |

| | |
|---------------------------------------|----|
| Қаршыға тартшы “Аккуды” | 70 |
| Айгүлдің күй тартқаны | 71 |
| Ұзынғаштағы хикая | 72 |
| Құстар әні | 74 |
| Рухани азығым | 75 |
| Құттықтау | 75 |
| Тихон Хренниковтың айтқаны | 76 |
| Шота Үәлихановтың айтқаны | 76 |
| Әбіш Кекілбаевтың сөзінен | 77 |
| Молдаш Мұқатовтың айтқаны | 78 |
| Манаш Қозыбаевтың айтқаны | 79 |
| Тұманбай Молдағалиевтің айтқаны | 79 |
| Қайрат Байбосыновтың сөзі | 80 |
| Бекболат Тілеухановтың айтқаны | 80 |
| Аманжол Қошановтың айтқаны | 81 |
| Қалтай Мұхаметжановтың сөзі | 81 |
| Балнұр Қыдырбектің сөзінен | 82 |
| Ұлттымыздың рухын биік көтерген | 83 |
| Елес пен кенес | 84 |
| Мырзатай Серғаливтің айтқаны | 85 |
| Ұлы тұлға | 86 |
| Нұргисаның мектебі | 86 |

III БӨЛІМ

| | |
|--|-----|
| Абай және Нұргиса | 89 |
| Той бастайық, ағайын | 89 |
| Абайдың елі – бар қазак | 90 |
| Ақындық пайғамбары Абай ата | 91 |
| Сенсің ел данасы | 92 |
| Әйгерімнің алғысы | 93 |
| Әмір мен өнір | 94 |
| Әйгерімді көргенде | 95 |
| Әйгерімнің әні | 96 |
| Ерке бала | 97 |
| Абай әні | 98 |
| Қайран қазак данасы | 99 |
| Қорқамын | 100 |
| Тентек Оспан | 101 |
| Дананың тамшы көз жасы | 102 |
| Абай әнін қыз айтты | 103 |
| Әлкисса | 104 |
| Абай және Гете | 105 |
| Соңғы тас | 106 |
| Тогжаннның хаты | 107 |
| “Айттым сәлем Қаламқастан” бастаймын | 108 |

| | |
|---------------------------------------|-----|
| Ұлылар ұстаз сыйлаған | 109 |
| Құдайым десем де | 111 |
| Тоғжанмен кездесу | 112 |
| Сырымды айтсам Абайша | 113 |
| Салшы, қалқам, Татьянаның әніне | 115 |
| Даналар сүйген есімдер | 118 |
| Абайтану үзімі | 119 |
| Жидебайдағы кемпіркосақ | 120 |
| Пушкин мен Абай құмар жан | 120 |
| Абайдың табиғатпен тілдескені | 121 |
| Тогжанның назы | 123 |
| Абай назы | 124 |
| Бір қуанар Абай да | 126 |

IV БӨЛІМ

| | |
|---|-----|
| Әндер | |
| Ерке сері | 130 |
| Бүкіл әлем жан сәулем боп кеткендей | 131 |
| Күй-ага, Нұр-ага | 132 |
| “Акқуды” тартышы, Қаршыға | 133 |
| Шәкіртің тұр ән салып | 134 |
| “Акқу” күйі | 135 |
| Сөз соны | 136 |

Салыков Кәкімбек

ОТЫРАР САЗЫ

Күй-дастан және олеңдер

Редакторы
Дәулетбаева Бану

Корректоры
Әлімбетова Жанар

Көркемдеуші редактор
Қазанқапов Женіс

Компьютерде теріп, қалыптаған
Сәрсенбаева Гүлбану

Басуға 25.04.05 қол қойылды.

Пішімі 84x90 1/32. Қағазы оффсеттік. Оффсеттік басылыс. Есептік баспа табағы 9,0. Шартты баспа табағы 9,5. Тапсырыс №219. Тарапымы 1000 дана.

"Фолиант" баспасы.
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1.

"Регис Ст-Полиграф" ЖШС баспаханасында
басылды.